**БҮГІН МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ РЕСМИ ТҮРДЕ ЕЛ ПРЕЗИДЕНТІ ҚЫЗМЕТІН АТҚАРҒАНЫНА ТУРА ЕКІ ЖЫЛ ТОЛДЫ. ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕКІНШІ ПРЕЗИДЕНТІ ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТТІҢ БАҒЫТЫН САБАҚТАСТЫҚПЕН ОДАН ӘРІ ЖАЛҒАСТЫРДЫ.**

2-БЕТ | САЯСАТ



№68 (4192)
Сенбі
12 маусым 2021 жыл

ASTANA AQSHAMY

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

ELORDA AQPARAT

САЯСАТ



## ЕЛОРДАНЫҢ ЕРТЕҢІ ЕҢСЕЛІ

Елорда халқының саны осы жылдың 1 мамырдағы жағдайына 1199083 адамды құрады. Бұл – Ұлттық статистика бюросының Нұр-Сұлтан қаласы бойынша департаментінің дерегі. Осыдан бес жыл бұрын ғана бас қала миллиондық межеге жеткен еді. Осы саннан жыл сайын шаһар тұрғындары шамамен алғанда 40-45 мыңға көбейіп жатқанын көруге болады. Астана адамдарды магнитше тартады. Қызметке кіріскеніне екі жыл толған Нұр-Сұлтан қаласының әкімі Алтай КӨЛГІНОВ биылғы ақпан айында өткен халыққа есеп беру кездесуінде айтқандай, басты мақсат – елорданы тұрғындарға қолайлы қалаға айналдыру.

3-БЕТ



# QAZVAC ШЕТЕЛГЕ ЭКСПОРТТАЛАДЫ

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы QazVac вакцинасын төтенше жағдайларда пайдалануға кеңес беретін дәрі-дәрмектердің тізіміне енгізуді қарастырып жатыр. Қазақстан вакцина көлемін арттыруға және оны шетелге экспорттауға дайын. Бұл жаңалықты Шетелдік инвесторлар кеңесінің 33-пленарлық отырысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жария етті.

4



**«ASTANA AQSHAMY»**

**ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛУ ЖАЛҒАСЫП ЖАТЫР**

## ШӘКІРТАҚЫ ӨСЕДІ

**Қыркүйек айынан бастап шәкіртақы көлемі өседі. Бұл туралы Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов хабарлады.**

«Биыл қыркүйек айынан бастап бакалавриат шәкіртақысының мөлшері 31 мың теңгеге дейін, магистратура шәкіртақысы 15 пайызға өседі (76 мың теңге). Докторантура үшін тек соңғы екі жылда шәкіртақы мөлшері шамамен 82 пайызға өсті, бірақ бұған қарамастан қыркүйек айында оның мөлшері бүгінгідей 150 мың емес, 172 мың теңге болады» деді министр.

Сондай-ақ министр келесі оқу жылында талапкерлерге қанша грант бөлу жоспарланып отырғанын айтты. «2025 жылға қарай гранттар саны көбейіп, 75 мың орынға жетеді деп жоспарланып отыр. Биыл гранттар саны 5 мың орынға көбейтіледі, яғни жыл сайын біз бакалавриатқа 51 мың грант бөлетін болсақ, онда биыл 56 мың орын болады» деп мәлім етті А.Аймағамбетов.

## БАРҒАН САЙЫН АСПАНДАП, БАҒА, ҚАЙДА БАРАСЫҢ?

**Қазақстанда соңғы кездері баға сұмдық көтерілді. 2018 жылы мамыр айында бір келі картопты 70 теңгеден алсақ, биыл бұл өнімнің бағасы 350 теңгеден түспей тұр. Тіпті теңгемізбен тайталасып, 420 теңгеге дейін барып қайтты.**

ҚР Сауда және интеграция министрі Бақыт Сұлтанов елімізде картоптың бұлайша қымбаттағанын өткен жылғы картоп экспортының артқанымен түсіндірді. Бірақ министрдің бұл сөзіне сенейік десек, базарда тек картоп қана қымбаттаған жоқ, барлық тауардың бағасы екі-үш есе көтеріліп кетті. Енді Қазақстанда сәбіз тапшылығы болуы мүмкін екенін де министрдің өзі айтты. «Өткен жылы 360 мың тонна картоп экспортталып, рекордтық деңгейге жетті. Яғни 2020 жылы Қазақстанда картоп экспортының үлесі 19 пайызды құрады, бұл нарық тапшылығына әкелді. Ал қазір сәбіз бойынша картоптан да қиын жағдай қалыптасты. Қазіргі уақытта отандық өнім қоры жыл басымен салыстырғанда 5 есе төмендеді» деді Сауда министрі Үкімет отырысында.

*(Соңы 6-бетте)*







Төлен ТІЛЕУБАЙ

# ҮМІТ ПЕН СЕНІМНІҢ ЕКІ ЖЫЛЫ

**Бүгін Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың ресми түрде ел Президенті қызметін атқарғанына тура екі жыл толды. Екі жылда сайлауда халықтың тура жолдан адаспай, өз таңдауын дұрыс жасағанына көз жеткіздік. Мемлекет басшысының ел басқарудағы екі жылы қалай өтті? Халықтың есінде қандай оқиғалармен айшықталды? Қасым-Жомарт Тоқаевтың реформалары, біздің қоғамдағы биліктің сабақтастығы еліміздің дамуына қалай әсер етті? Осындай сауалдарға өзімізше жауап іздеп көрелік.**

## ҰЛТТЫҚ ДИАЛОГТЫҢ НЕГІЗІН ҚАЛАДЫ

Тәуелсіз Қазақстанның екінші Президенті Тұңғыш Президенттің бағытын сабақтастықпен одан әрі жалғастырды. Ең бастысы, екі жылдың ішінде әртүрлі салаларды қамтыған ауқымды саяси, экономикалық және әлеуметтік реформалар жүзеге асырылды. Бұл реформалардың түпқазығы Қ.Тоқаевтың өзі жариялаған «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы болғанын атап айтуға тиіспіз. Президенттік қызметіне кіріскен күннен бастап Қасым-Жомарт Кемелұлы еліміздегі саяси жүйені либералдандыру бағытын жариялады. Билік пен бұқараның диалогын орнатуға басымдық беріп, күш-жігерін аямай жұмсады.

Ең алдымен, ұлттық диалогтың жаңа моделі – Ұлттық қоғамдық сенім кеңесін құрып, өзі басшылық етті. Бүгінге дейін бірнеше отырысын өткізген кеңес халықтың да, биліктің де сенімін ақтады. Осылайша ұлттық диалогтың негізі қаланды. Мемлекет басшысы өзінің саяси реформаларға қатысты бастамаларының бәрін осы алаңда жария етті. Олардың қатарына бейбіт шерулерді ұйымдастыруды хабарламалық тәртіпке көшіру, партияларды тіркеу талабын 40-тан 20 мың адамға азайту, парламенттік оппозиция институтын енгізу, Қылмыстық кодекстің 130-ыншы жала жабу туралы бабына декриминализация жасау, партиялық тізімге әйелдер мен жастарға 30 пайызға дейін квота енгізу сияқты бастамаларын жатқызуға болады. Бастысы, бұл бастамалар заң жүзінде іске асырылды. Мысалы, бейбіт шерулерді ұйымдастыру туралы заңды қабылдау арқылы қоғамның билікке деген сенімін нығайтты, бұқара мен биліктің арасын жақындата түсті.

## САЯСИ-ӘКІМШІЛІК РЕФОРМАЛАР НӘТИЖЕСІН БЕРДІ

Екі жылда Президенттің пәрменімен іске асырылған ауқымды реформаларды оң бағалауға тиіспіз. Мәселен, мемлекетті басқару саласында үлкен өзгерістер жасалды. Бұған мысал: 4 жаңа министрлік, 6 агенттік құрылып, саяси-әкімшілік жүйеге жаңаша серпін келді. Бұл жаңашылдық туралы саясаттанушы Андрей Чеботарев: «Саяси-әкімшілік реформалардың оң нәтижесін алда көреміз. Менің ойымша, Қазақстан ДСҰ мен ЕАЭО-ға мүше болғандықтан, Сауда және интеграция министрлігін құру – аса маңызды шешім. Аталған экономикалық бірлестіктердегі еліміздің мүддесіне қатысты түйткілді мәселелермен осы министрлік айналысады. Бір кездері Энергетика министрлігінің қарамағында болған экология, геология және табиғи ресурстар саласы өз алдына жеке министрлік болып құрылды. Бұрын қарама-қайшылық болушы еді, өйткені экологияға зиян келтіретін министрліктің өзі сол мәселемен айналысты. Президент Қ.Тоқаев дұрыс, әділ шешім қабылдады» деп түсіндіреді.

Белгілі саясаттанушы Мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлықпен күрес жөніндегі агенттікте де осыған ұқсас жағдай болғанын айтады. «Агенттік бір жағынан азаматтарды мемлекеттік қызметке жұмысқа алса, екінші жағынан сыбайластық қылмысы үшін түрмеге отырғызды. Бұл салада да әділдік орнады. Қаржы нарығын реттеу және даму агенттігі, Стратегиялық жоспарлау және реформалар жүргізу агенттігі дегендер бұрын да болған. Алайда стратегиялық жоспарлауға қатысты реформа дер кезінде жасалды. Бұл мекеме ұлттық даму жоспарын жасады. Мемлекеттік басқару агенттігі мемлекеттік басқару саласындағы жаңа тұжырымдаманың негізін қалап, қабылдады» дейді А.Чеботарев.

Мемлекет басшысы өзінің президенттік қызметіне кірісекенде айтқан: «Жемқорлық – батпандап кіріп, мысқалдап шығатын нағыз жегіқұрт. Онымен бәріміз бірге күресуіміз керек. Әйтпесе ертеңгі күні кеш қалуымыз мүмкін. Бұл – қауіпсіздігімізге төнген қатер. Онымен аяусыз күресеміз. Халықтың алдында есеп береміз» деген сөзін толық іске асырды.

## СЫНАҚТЫҢ БІРІ – ІНДЕТ

Екі жылдан бері індеттің мемлекетке де, Президентке де үлкен сынақ болғаны рас. Төтенше жағдай кезеңінде Қ.Тоқаев төрт рет қазақстандықтарға үндеу жолдады. Мысалы, елордада екі аптада 200 орындық озық үлгідегі модульді жұқпалы аурулар ауруханасы салынды. Алматы мен Шымкентте де қысқа мерзімде осындай кешендер бой көтерді. Бұл іс-шаралардың барлығы – Қ.Тоқаевтың білікті дағдарыс менеджері екенінің дәлелі. Президент өткен жылы 13 шілдені Ұлттық аза тұту күні деп жариялап, қарапайым халықтың ауыр қайғысын бөлісті. Арыстағы апат пен Қордайдағы қақтығыста да халықтың арасынан табылып, түйткілді мәселелердің әділетті шешілуіне ықпал етті.

Президент екі жылда көптеген әлеуметтік, экономикалық маңызы зор шешімдер қабылдады. Мысалы, шағын және орта бизнес (ШОБ) субъектілерін үш жылға дейін табыс салығын төлеуден босатты. Қазақстандағы 1,2 млн ШОБ субъектілері 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап 2023 жылдың 1 қаңтарына дейін салық төлемейді. Алдын ала есеп бойынша үш жылда кәсіпкерлер 380 млрд теңгеден аса қаражатты үнемдейді екен. Сондай-ақ ШОБ субъектілерін тексеруге мораторий жарияланды. Үкімет 700 мыңнан аса бизнес субъектілеріне салық ауыртпалығын азайтып, нәтижесінде дағдарыста 1 трлн теңге үнемделді. Президенттің пәрменімен құрылған Төтенше жағдай жөніндегі комиссия 500-ге жуық мемлекеттік маңызы бар шешім қабылдады. Жалпы алғанда, Қазақстан індетпен күресуге және дағдарысқа қарсы іс-шараларға шамамен 6 трлн теңге (13 млрд АҚШ долларын) жұмсады. Әлемдегі алпауыт елдердің басшылары Қ.Тоқаевтың бұл саясатына жоғары баға берді.

## ӘЛЕУМЕТШІЛ ПРЕЗИДЕНТ

Президент билік тізгінін қолына алғаннан бері әлеуметтік саясатқа ерекше назар аударып келеді. 2020 жылы 1 қаңтардан бастап 400 мыңнан аса отбасы табысына қарамастан әлеуметтік жәрдемақы ала бастады. Мемлекет әлеуметтік ахуалы төмен отбасыларға толық көмек көрсететін әлеуметтік топтаманы жүзеге асырды. Індет кезінде жұмысынан айырылған, ахуалы төмендеген 4,5 млн-нан астам қазақстандықтарға 42500 теңге жәрдемақша төленді. Президенттің тапсырмасымен жалпы берешегі 3 миллион теңгеден аспайтын 1,2 млн адамның (көпбалалы, асыраушысынан айырылған және мүгедек бала асырайтын отбасылар, жетім балалар және т. б.) несиесі кешірілді.

Колледждер мен жоғары оқу орындарындағы 230 мың студенттің шәкіртақысы 25 пайызға өсті. Мұғалімдер мен дәрігерлердің, мәдениет және әлеуметтік сала қызметкерлерінің жалақысы 25-30 пайызға өсті. Алдағы жылдары олар бұрынғыдан 3 есеге көп жалақы алмақ. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорындағы (БЖЗҚ) 1,3 трлн теңгені халықтың тұрғын үй жағдайларын жақсартуға, емделуге жұмсайтын шешім шығарды. Президент тапсырмасы орындалды: 761 мыңнан астам салымшы өз жинақтарының жеткілікті шегінен асатын бір бөлігін пайдалануға мүмкіндік алды. БЖЗҚ салымшыларының арнайы шоттарына 1,2 трлн теңгеден аса қаражат аударды. Соның ішінде тұрғын үй жағдайларын жақсартуға шамамен 1,187 трлн теңге, емделуге 4,6 млрд теңге жұмсалған.

## ЖЕР ШЕТЕЛДІКТЕРГЕ САТЫЛМАЙДЫ

Қасым-Жомарт Тоқаев соңғы жылдары халықты алаңдатқан жерді шетелдіктерге сату, жалға беру деген мәселеге нүкте қойды. Жер сату мен жалға беру мәселесі біздің қоғамда соңғы кездері қызу талқыланды. Президент «Жер шетелдіктерге сатылмайды» деп мәлімдеп қана қойған жоқ, «ҚР-ның кейбір заңнамалық актілеріне жер қатынастары мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңға қол қойды. Заң бойынша ауыл шаруашылығы жерлерін шетелдіктерге, азаматтығы жоқ адамдарға, шетелдік заңды тұлғаларға, шетелдік қатысуы бар Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларына, халықаралық ұйымдарға, халықаралық қатысуы бар ғылыми орталықтарға, сондай-ақ қандастарға жекеменшікке және жалға беруге тыйым салынады. Мемлекет басшысы 2020 жылдың қыркүйегінде саяси реформалардың екінші топтамасын жария етті. Бұл топтамада ауыл әкімдерін сайлау, адам құқықтарын қорғауға қатысты бірнеше баптар бар. Биыл елімізде ауыл әкімдерінің сайлауы өтеді. «ҚР-дағы сайлау туралы» жаңа заң қабылданған соң, еліміздегі 836 әкім тікелей дауыс беру тәсілімен сайланады. 2024 жылы аудан әкімдерінің сайлауы өтеді.

Бұл мәселеге қатысты саясаттанушы, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Ерлан Саиров әкімдерді сайлау институтының енгізілуі экономикалық, әлеуметтік өзекті мәселелерді тездетіп шешуге ықпал ететінін айтады. «Қазір еліміздегі билік бұтақтарының арасындағы байланыс орнықты. 2024 жылы ауыл әкімдерін сайлайтын күнге жетеміз. Біз саясат тек қалаларда жасалады деп ойлаймыз, бірақ ол, негізінен, өңірлерде жүргізіледі. Өйткені еліміздің өңірлері көп. Көптеген мәселелер жүйелі жолмен шешілмей келгені рас. Ендігі кезекте әкімдерді сайлау, жергілікті өзін-өзі басқару институтының енгізілуі бұл кемшіліктерді жоюға көмектеседі. Әрбір реформаның өзінің нәтижесін беретін кезі болады» дейді ол.

Бұдан бөлек, жергілікті өзін-өзі басқару тұжырымдамасы жасалып, «Қоғамдық бақылау туралы» заң қабылданады. Офлайн-петициялардың бірыңғай институты құрылады.

## СЕНІМГЕ ЛАЙЫҚТЫ КОММУНИКАТОР

Президент Қ.Тоқаевтың әлеуметтік желілер арқылы қараша халықпен қарым-қатынас жасауға ерекше назар аударатынын жақсы білеміз. Әсіресе, жоғарыдан жедел шешім қабылдау қажеттігі туындаған кездерде Мемлекет басшысы бірден үн қосады. Мұны түсінгісі келмейтін кейбір сарапшылар «Президентке қатысы жоқ жерлерге де араласады» деп негізсіз сынайды. Керісінше, іс орнынан қозғалып, бір шешімін табуы үшін Президент араласуы қажет. Қасым-Жомарт Тоқаевтың қазіргі кездегі саяси трендтері – сенімге лайықты басшы, коммуникатор, әділдік жолындағы күрескер. Бұл турасында қазақстандық стратегиялық зерттеулер институтының директоры, профессор Зарема Шаукенованың пікірі мынадай: «Қ.Тоқаевтың ел басқару стилінде мынадай трендтерді анықтадық: мәмілегер, реформатор, сенімге лайықты басшы, коммуникатор, әділдік жолындағы күрескер. Біріншіден, Президент – қиын жағдайларда тез шешім қабылдай білетін және елдің алдында жүретін тиімді дағдарыс менеджері. Бұған Арыстағы апат кезінде бүкіл қазақстандықтардың көзі жетті. Екіншіден, Президенттің бастамалары мен тапсырмалары оның мемлекеттік саясаттағы жағымды өзгерістерге дайын екенін көрсетеді. Үшінші қасиеті – саяси тәжірибесінің молдығы, ғылыми-сараптамалық қабілетінің болуы жұрттың Мемлекет басшысына деген сенімін арттыра түседі. Төртінші қасиеті – қоғамның ой-пікіріне үнемі ашық, қолжетімді көшбасшы. Мысалы, әлеуметтік желілер арқылы Президент халықты ел өміріндегі айтулы жаңалықтармен жедел хабардар етіп отырады. Бесіншіден, азаматтардың мүдделерінің теңгерімін сақтай білетін, ұлттық байлығымыздың әділ бөлінуіне жақтасатын төреші».

## СЫРТҚЫ САЯСАТТАҒЫ САБАҚТАСТЫҚ

Мемлекет басшысы осыдан екі жыл бұрын Ақордадағы баспасөз мәслихатында айтқан: «Сыртқы саясаттағы ең басты қажет нәрсе – сабақтастық. Өйткені ішкі саясатпен салыстырғанда сыртқы саясаттың өлшемі, бағасы бөлек. Мысалы, бір құжаттағы кеткен қателікті ішкі саясатта түзетуге болады, сыртқы саясатта олай емес» деген сөзін қаперінен шығармай, сабақтастық пен мәмілегерлік саясатын қатар ұстанды. Әсіресе, біздің көршілеріміз – Ресеймен, Қытаймен және Орталық Азия елдерімен татулық және ынтымақтастық қарым-қатынасымызды одан әрі жалғастыруға күш-жігерін аямай жұмсады. Интеграция – күрделі құбылыс. Президент мәмілеге қол жеткізу үшін оған жан-жақты дайындықпен бару керектігіне ерекше назар аударады.

Ең бастысы, Президент халықаралық экономикалық кеңістіктерде Қазақстанның ұлттық мүддесін қорғауға аянып қалмайтынын бірден байқатты. Бұған мысал, өзі төрағалық еткен Жоғары еуразиялық экономикалық кеңестің (ЖЕЭК) биылғы кезекті отырысында дағдарыстан кейінгі қайта қалпына келтіру кезеңінде өзара сауда-саттыққа қатысты кедергілердің қордаланған проблемасын жүйелі шешу қажет екенін батыл мәлімдеді. Локдаундар кезінде мұндай кедергілер едәуір көбейген. «Мұндай кедергілер сауда-экономикалық қатынастардың дамуын айтарлықтай тежеп, өсім әлеуеті мен дамуын шектейді. Қазақстан Одақтың басқа мүшелері сияқты нарықтың барлық қатысушылары үшін теңдей және кемсітпейтін жағдай қалыптастыруды қолдайтынына сенімдімін. Комиссия кедергілермен тұрақты түрде күресіп келеді. Алайда оларды тиімді деп айта алмаймыз. Бұл – ұлттық деңгейде қабылданған шешімдердің салдарымен күрес» деді Қ.Тоқаев.

Президент сол жиында: «Одаққа мүше әрбір елдің азық-түлік тауарларын өндіру көлемін арттыруға әлеуеті жетеді. Сонымен қатар ішкі нарықты қорғау жөніндегі шектеу шаралары агроөнеркәсіп кешенінің дамуын тежеп, азық-түлік тапшылығына әкеп соқтыруы мүмкін. Әрине, кейбір жекелеген жағдайларда олардың уақытша қолданылуы өзін ақтады. Дегенмен мұндай шектеулердің біздің Одаққа мүше елдерге қатысы болмауы тиіс деп санаймын» дей келе, түйткілді мәселенің ашығын айтты.

## ТӘУЕЛСІЗДІК ТАҒЫЛЫМЫ

Мемлекет басшысы биылғы қаңтарда ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласын жариялады. Ұлт пен мемлекеттің мүддесін көздеген, ел болып ойланатын, жұрт болып толғанатын мәселелерді айқындап берді. «Азаттығымыздың айшықты белесіне шыққанда әрбір саналы азаматты «Отыз жылда біз қандай жетістіктерге жеттік?», «Келер ұрпаққа қандай елді аманаттаймыз?», «Мемлекеттігімізді нығайта түсу үшін тағы не істейміз?» деген сауалдар толғандырары анық. Осы тұрғыдан алғанда, бұл – арман-мақсаттарымызды тоғыстырып, болашаққа тың серпінмен қадам басу үшін өткенге тағы бір мәрте оралатын, жетістіктеріміз бен кемшіліктерімізді ой елегінен өткізетін маңызды мезет» дей келе, отыз жылда атқарылған істер және алдағы жылдарда жасалатын істерді рет-ретімен бағамдап берді. Тәуелсіздік тойын тек дабыра, той-думан емес, тағылымдық мәні бар оқиға ретінде атап өтуге үндеу тастады. Ең бастысы, тәу етер тәуелсіздіктің қадір-қасиетін қарапайым халықтың сезуіне ерекше көңіл бөлуді тапсырды. Бұл – парасатты басшының сөзі. Сайып келгенде, сындарлы сабақтастықпен өткен Қ.Тоқаевтың президенттігінің екі жылы Қазақстанды әлемге жаңа қырынан таныту, дағдарыспен күресте тұрақтылық пен ынтымағы жарасқан мемлекет ретінде көрсете білді.




# БҮГІНІ БЕРЕКЕЛІ, ЕРТЕҢІ ЕҢСЕЛІ

amangali.kalzhan@mail.ru
Аманғали ҚАЛЖАНОВ

*(Соңы. Басы 1-бетте)*

**ТҰРҒЫНДАРМЕН ТІКЕЛЕЙ БАЙЛАНЫС**

Қазір қала тұрғындарына жайлы жағдай жасау үшін біраз жұмыс атқарылып жатыр. Шаһар газдандырылып, жаңа мектептер мен ауруханалар, басқа да халыққа қажет әлеуметтік нысандар салынуда. Үлескерлер мәселесі біртіндеп шешілуде. Пандемия кезінде кәсіпкерлерге қолдау жасалды. Көгалдандыру жұмыстары қарқынды жүргізіліп жатыр. Тұрғындардың демалысы да ұмыт қалған жоқ. Елорда мәдениеті, өнері, руханиятымен де еңселі.

Бас қала атауы осыдан екі жылдан астам уақыт бұрын ауысты. Сол жазда шаһар басшысы болып Алтай Көлгінов тағайындалды. «Ол – ұйымдастырушылық қабілеті мен біліктілігі жоғары жас маман. Батыс Қазақстан облысында бірнеше жыл табысты еңбек етіп, жергілікті халықтың алдында зор беделге ие болды. Оның білімі мен тәжірибесін ескере отырып, Нұр-Сұлтан қаласының әкімі қызметіне тағайындау туралы шешім қабылдадым» деді жаңа әкімді қала активіне таныстырған Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев.

Алтай Сейдірұлы бас қалада қызметке кіріскен уақыттан халықпен тікелей қарым-қатынасқа ден қойды. Кабинетте отырмай, тұрғындармен жиі кездесіп, олардың өтініштеріне құлақ асып жатыр. Жеке қабылдаулары да бар. Пандемия басталған уақыттан халықты онлайн форматта қабылдай бастады. Атап айтқанда, 2019 жылдың екінші жартысында – 721 адамды, 2020 жылы – 1005 адамды, биылғы жарты жылда 221 қала тұрғынын жеке қабылдады. Алтай Көлгіновтің Twitter, Instagram, Facebook әлеуметтік желілерінде жеке парақшасы бар. Бұл ресурстар арқылы да өтініш жіберуге болады. Бір атап өтерлігі, елорда әкімі әлеуметтік желілерге жазып, халықты қалада атқарылып отырған жұмыстармен үнемі таныстырып отырады.

**iQALA МЕН «ЖАНҰЯ» МҮМКІНДІКТЕРІ**

Соңғы екі жылда елордада тұрғындардың әлеуметтік мәселелерін шешуге арналған нысандар ашылды. 2019 жылдың маусым айында қала әкімдігінің қолдауымен iQala қалалық қызмет көрсету орталығы құрылды. Оның мақсаты – инновациялық әдістерді қолдана отырып, қала тұрғындары мен қонақтарына жеңілдетілген жолмен тұрғын үй-коммуналдық сектордағы ұйымдардың қызметін онлайн режимде ұсыну. Негізгі міндеттері – қызмет көрсетулерді автоматтандыру, оның ашықтығы мен қолжетімділігін қамтамасыз ету, қағазбастылықтан арылу. Қызмет көрсетуші ұйымдармен тікелей қарым-қатынасты болдырмау арқылы жемқорлық тәуекелдерін жою.

Одан соң бас қалада «Жанұя» отбасылық институтты қолдау орталығы ашылды. Бұл орталықта елордалық отбасыларға «бір терезе» қағидатымен заңгерлік, психологиялық және әлеуметтік қызметтер көрсетіледі. Осы орталыққа тек осы жылдың басынан бері әртүрлі мәселемен 23580 азамат келген. Келушілердің ең көп көтеретін мәселесі баспана болғандықтан, былтыр арнайы Тұрғын үй орталығы есігін айқара ашты. Биыл бұл орталыққа тиісті сұрақтарымен 5 мыңнан аса адам келіп үлгерген.

**БАСПАНА БЕРУ КӨРСЕТКІШІ АРТТЫ**

Баспана демекші, Нұр-Сұлтан қаласында тұрғын үй кезегінде 48 мыңнан астам адам тұр. Былтыр шаһарда 3 млн шаршы метрден астам тұрғын үй салынды. Оның 80 пайызы – жеке инвестиция. Биыл бұл көрсеткіш 3,2 млн-ға дейін өсуі керек.

Мемлекет басшысы елордада қолжетімді тұрғын үй санын, құрылыс көлемін үш есеге арттыру туралы тапсырма берген болатын. Былтыр елорда әкімдігі бұл үдеден шыға білді. Жеңілдікпен берілетін пәтер алушылар санаты кеңейтілді. Енді әлеуметтік пәтерлерге медицина қызметкерлері мен мұғалімдер ғана емес, әлеуметтік саланың басқа да өкілдері, өрт сөндірушілер, мәдениет және спорт қызметкерлері, полиция қызметкерлері де қатыса алады. Ал тұрғын үй сертификаттарының сомасы 1 млн теңгеден 1,5 млн теңгеге дейін өсті.

Бас қалада жастарды қолдау ісі де жолға қойылды. Мәселен, «Жұмыс істейтін жастарға арналған жалға берілетін тұрғын үй» бағдарламасы екі жылдан бері жалғасып келе жатыр. Бұған дейін бір мыңнан астам жас отбасы пәтер кілтіне ие болса, биыл тағы 300 жас отбасыға пәтер табыстау жоспарланып отыр.

Жалпы Нұр-Сұлтан қаласында мұқтаж азаматтарға әлеуметтік пәтер беру көрсеткіші жылдан-жылға артып жатыр. Елордада 2019 жылы 2900 әлеуметтік пәтер берілсе, 2020 жылы 7 мыңнан аса пәтер табыс етілді. Ал биыл бұл көрсеткішті 10 мыңға дейін жеткізу жоспарланып отыр.

> 2022 жылы 40 үй, 2023 жылы тағы 20 үй аяқталып, елордадағы үлескерлер мәселесі түбегейлі шешілмек. Қазір 15-16 жылға дейін созылып кеткен үлестік құрылыстардың кейбірі аяқталды

**ҮЛЕСКЕР ҮМІТІ АҚТАЛУДА**

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев үлескерлер мәселесін шешуді де тапсырды. Сол үшін тиісті жоспар жасалды. Ол орындалып келе жатыр. 1,5 жыл ішінде «сақалды» құрылыс саны екі еседен аса азайды. 2019-2020 жылдары үлескерлердің 30-ға жуық тұрғын үй кешені пайдалануға берілді. Қалған 22 құрылысты 2021-2023 жылдары аяқтау жоспарланып отыр.

2019 жылы ведомствоаралық комиссияның шешімімен елордада үлескерлердің 52 тұрғын үй нысаны «проблемалық» деп табылған. Бұл – 15757 үлескер. 2019 жылы соның 10 нысаны толық аяқталды. 13 үйде тұратын 2534 отбасы баспаналы болды. 2020 жылы 14 тұрғын үй нысанын құрайтын 20 үйдің құрылысы аяқталып, тағы 2723 отбасы үйлі болды. Ал 2021 жылы 18 тұрғын үй нысанын немесе 57 үйде тұратын 7300 отбасын баспаналы ету межеленіп отыр. Алдағы жылдар жоспары былай түзілген: 2022 жылы 40 үй, 2023 жылы тағы 20 үй аяқталып, елордадағы үлескерлер мәселесі түбегейлі шешілмек. Қазір 15-16 жылға дейін созылып кеткен үлестік құрылыстардың кейбірі аяқталды.

Баспанаға қатысты тағы бір бағыт – тұрғын үйлерді жөндеу, апатты жағдайдағы үйлерді сүріп, оның тұрғындарын көшіру. Өткен жылы 50-ден астам көппәтерлі тұрғын үй кешені жөнделді. Соңғы екі жылда 400-ден астам отбасы апатты жағдайдағы ескі үйлерден көшірілді. Биыл 200-ден астам отбасыны көшіру жоспарланып отыр.

**ӘЛЕУМЕТТІК НЫСАНДАР КӨБЕЙЕДІ**

Елорда тұрғындары саны артқан сайын баспананы ғана емес, әлеуметтік нысандарды да көбейту керек. Бұл жұмыс та қолға алынды. Қазір бас қалада 193 мың оқушы бар. 2030 жылы бұл көрсеткіш 400 мың оқушыға жетеді деген болжам бар. Соған сәйкес мектеп құрылысы да қарқынды болады. Алдағы бес жыл ішінде 80880 оқушыға арналған 67 мектеп салу жоспарланып отыр. Былтыр пандемияның өршіп тұрғанына қарамастан елордада 11 мектеп жаңадан бой көтерді. Биыл 16 мектептің құрылысы жалғасуда.

Білім сапасына да көңіл бөлініп жатыр. Мектептерді білікті мамандармен қамтамасыз ету, кадр тапшылығын болдырмау мақсатында болашақ педагогтарды ынталандыру үшін орта білім алуға жыл сайын 800, жоғары білім алуға тағы 300 әкім грантын бөлу жоспарланды. Балаларды мектепке дейінгі біліммен қамту үлесі де жоспарлы түрде артады.

Елордада медицина кластері қалыптасты. Бірақ халықтың денсаулығы қашанда өзекті. Нұр-Сұлтан қаласының тұрғындары медициналық қызметті жылдам алу үшін біршама істер қолға алынды. Алысқа бармау үшін алда «Қадамдық қолжетімдік» принципіне сәйкес қосымша 30 «Үй маңындағы дәрігер» нысаны ашылып, 5 медициналық мекеме салынады.

**ГАЗДАНДЫРУ ЭКОЛОГИЯНЫ САУЫҚТЫРАДЫ**

Елорда экологиясы да назарда. Қазір бас қалада 16 тұрғын алап бар. Көбінесе солардың тұрғындары әртүрлі мәселелерге шағымданып жатады. Былтыр елді мекендерді газдандыру қолға алынды. «Сарыарқа» магистралды газ құбыры арқылы Қызылорда облысынан Нұр-Сұлтанға газ тартылды. Өткен жазда бірқатар тұрғын алап тұрғындары соның игілігін көре бастады. «Көгілдір отын» алдымен «Шарапат» әлеуметтік қызмет көрсету орталығы, №29 орта мектеп, «Көктал-1» және «Железнодорожный» тұрғын алаптарына келді. Бұл Елбасының бес әлеуметтік бастамасынан туындаған шын мәнінде тарихи оқиға болды. Үш жылға есептелген тиісті жұмыс жалғасып жатыр.

Тұрғын алаптардың 10-ы осы жылдың соңына дейін толық газға қосылады. Дәл қазіргі сәтте 7 елді мекенде газ тарату желілері толық құрылды. 2288 абонент, яғни 43 мың қала тұрғыны «көгілдір отынға» қосылуға дайын. Соның ішінде «Оңтүстік-Шығыс», «Железнодорожный», «Көктал-1», «Агроқалашық» тұрғын алаптарының былтыр газға қосылмаған бөлігінде газ тарату желілерінің құрылысы аяқталуға жақын. Алғашқы үйлер «көгілдір отынға» қосылып үлгерді.

Алдағы жылыту маусымында «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ «Күйгенжар», «Мичурино», «Интернациональный» елді мекендерін газға қосуды жоспарлауда. Газдандыру жобасы аясында елорданың елді мекендерінде 350 шақырым газ тарату желілері салынды.

Газдандыру басталған сәттен тұрмыс жағдайы төмен отбасылардың үйлерін қосу бойынша көмек көрсету мәселесі қарастырылды. Бір жолғы әлеуметтік көмек зейнеткерлерге, мүмкіндігі шектеулі ересектерге, ерекше бала асырап отырған отбасыларға, аз қамтылған көпбалалы отбасыларға беріледі. Былтыр газ тарифі төмендетілді.

Қаланың едәуір бөлігін жылумен қамтамасыз етіп отырған 1-ЖЭО және 2-ЖЭО жалпы алғанда 13 қазандықтан тұрады. Былтыр 4 қазандық газға ауыстырылды. Жыл соңына дейін қалған 9 қазандық газға көшіріледі. Жалпы шаһарды газдандыру 3 кезеңнен тұрады. Жұмыс кестеге сай жүргізіліп жатыр. Қаланың екі аумағында жергілікті, автономды жылыту орталықтарын толық газға көшіру жоспарланып отыр. Елорданы газдандыру 2023 жылы аяқталады.

Газдандыру Нұр-Сұлтан қаласының экологиясын едәуір жақсартады. Бұған қоса, қала экологиясына автокөліктердің түтіні кері әсерін тигізіп жатыр. Сол себептен былтыр 100 электробус сатып алынды.

**ЖАЙЛЫ ҚАЛА ЖОСПАРЫ**

Былтыр қабылданған «Нұр-Сұлтан – жайлы қала» мастер-жоспары тұжырымдамасы елордада жаяу жүргіншілерге қолайлы жағдай жасау, қала тіршілігін қамтамасыз етуде полиорталыққа негізделген әдістерді енгізу, қала ішіндегі көлік жолдарын кеңейту, жасыл желектер мен вележолдар санын көбейту, көпірлер салу және қаланы дамыту бойынша басқа да өзекті мәселелерді қамтиды. Нақты даму картасы жасалды. Бұл тұжырымдама да бас қала экологиясына оң әсерін тигізіп, қала тұрғындарының жайлы өмірі мен демалысына арналған.

Биыл бас қалада демалыс орындары мен жасыл желекті аймақтар айтарлықтай көбейеді. Ал өткен жылы алғаш рет көпірасты алаңдар жасалды. Сарайшық көшесіндегі «Арқар» көпірінің астында спортпен айналысуға арналған бірнеше аймақ ашылып, саябақ аумағында футбол алаңдары орнатылды. Тұңғыш Президент саябағында саялы бастырмалар, әткеншектер, үш субұрқақ, соның ішінде тұманды булану, орындықтар салынды. Былтыр 148 аула мен 60 қоғамдық кеңістік пайдалануға берілді. Осы жылы 150 аула мен 28 қоғамдық кеңістік абаттандырылады.

> Кабинетте отырмай, тұрғындармен жиі кездесіп, олардың өтініштеріне құлақ асып жатыр. Жеке қабылдаулары да бар. Пандемия басталған уақыттан халықты онлайн форматта қабылдай бастады. Атап айтқанда, 2019 жылдың екінші жартысында – 721 адамды, 2020 жылы – 1005 адамды, биылғы жарты жылда 221 қала тұрғынын жеке қабылдады

**ІНДЕТ КЕЗІНДЕ ҚОЛДАУ КӨРСЕТІЛДІ**

Өткен жылы Нұр-Сұлтан қаласында пандемияға қарамастан маңызды жұмыстар тоқтаған жоқ. Көптеген баспана мен қоғамдық кеңістіктің салынуы, қалаға газ келуі – соның айқын айғағы. Індет келгенде сомасы 31 млрд теңгені құрайтын 97 мыңнан астам жеке кәсіпкер салықтық жеңілдіктерге ие болды. Мемлекеттің меншігіндегі ғимараттарды жалдап отырған кәсіпкерлер жалдау ақысын төлеуден уақытша босатылды. «Бизнестің жол картасы-2025» бағдарламасына біршама өзгеріс енгізіліп, кредит мөлшері 6 пайызға дейін төмендетілді, субсидияланатын сома 7 млрд теңгеге дейін өсті. Осы мақсатта бір жылда 2 млрд теңге дағдарысқа қарсы қаражат бөлініп, 500-ге жуық жоба қолдау тапты. Пандемия кезінен отандық тауар өндірушілерге ерекше назар аударылды. «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы аясында жергілікті қамтуды қадағалайтын арнайы комиссия құрылды. Мемлекеттік сатып алуды жүргізу тәртібі өзгертілді. 2020 жылы комиссияның 30 отырысы өткізіліп, 18 мыңнан астам тауарға CT-KZ, яғни отандық деген сертификаттар берілді.

**АСТАНА – РУХАНИЯТЫМЕН АСҚАҚ**

Елордада руханиятқа да айрықша көңіл бөлініп отыр. Екі жыл бұрын бас қалада Әбіш Кекілбайұлы мен Фариза Оңғарсынованың туғанына 80 жыл толуына орай бірқатар шаралар ұйымдастырылды. Осы тұлғаларға көше аттары берілді. Барлық шаралардың басы-қасында қала әкімі Алтай Көлгінов жүрді. Елорда басшысының театр өнеріне қолдауы ерекше. Өткен жылы Қ.Қуанышбаев атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық музыкалық-драма театры Елбасы тапсырмасымен бой көтерген еңселі жаңа ғимаратқа көшті. Қаллеки театры бұрын отырған нысанға қала басшысының қолдауымен ашылған Музыкалық жас көрермен театры кірді. Осы театрдың тұсаукесер қойылымы «Абай-Тоғжан» музыкалық драмасына Алтай Көлгінов арнайы қатысып, өнер ошағына ақ жол тіледі. Елорда әкімін басқа театрлардан да көріп қалып жатамыз. Шыны керек, оған дейін болған қала басшылары театрға бас сұққанын көрмеген едік.

Биыл Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің қолдауымен «Наурыз-2021» ұлттық сыйлығы тағайындалды.

Былтыр елорда ақын-жазушылары бас қосатын «Жазушылар үйі» Жазушылар одағының астаналық филиалына берілді. Оң жағалауда «Қаламгерлер аллеясы» ашылып, сол жерге үш бәйтерек – Ілияс Жансүгіров, Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин ескерткіштері орнатылды. Бірқатар мектептерге тұлғалар аты берілді.

**ХАЛЫҚ ҮНІНЕ ҚҰЛАҚ АСАДЫ**

Елорда әкімдігі әртүрлі ұсыныстарға ашық. Екі жыл бұрын «Акселератор Нұр-Сұлтан» атты жаңа бағдарлама іске қосылды. Бұл – әкімдіктің қала тұрғындарымен жұмысын айқын көрсететін, елорданың белсенді тұрғындарын, бақыланатын құрылымдарды, жекеменшік компанияларды қала тіршілігін қамтамасыз ету мәселелерін шешуде біріктіретін ортақ алаң. Акселератордың назарына астана тұрғындарын мазалайтын үш маңызды мәселе алынды. Бұл – қоғамдық көлік, ПИК қызметі және елорданы санитарлық тазалау.

Ал биыл «Birge» сайты ашылды. Осы ақпараттық ресурс арқылы елорда әкімдігі бас шаһар тұрғындарынан ұсыныстар қабылдайды. Сайтқа қала тұрғындары әртүрлі бағыт бойынша ұсыныстары мен пікірлерін қалдыра алады. Апатты жағдайдағы ескі тұрғын үйлерді сүру, экология, газдандыру, көгалдандыру, қоғамдық кеңістік, көшелерді жарықтандыру, жануарларды қорғау, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, құрылыс, білім беру, қауіпсіздік, денсаулық сақтау, әлеуметтік сала, урбанистика – қалалық орта, бизнес, көлік, санитарлық тазарту секілді санаттар жеке қарастырылған.

Платформаның жұмыс істеу процесі қарапайым: бірінші – идеяны ұсыну, екінші – іріктеу, үшінші – жобаны жүзеге асыру батырмаларын басу керек. Тұрғындардың ең маңызды мәселелері мен тиімді ұсыныстары «Нұр-Сұлтан – жайлы қала» мастер-жоспарында көзделген жобалардың аясында жүзеге асырылады.

№68 (4192) 12/06/2021 Сенбі

# QAZVAC ШЕТЕЛГЕ ЭКСПОРТТАЛАДЫ

*(Соңы. Басы 1-бетте)*

Президент жиынға қатысушылардың назарын өңделген өнімнің экспортын дамыту қажет екеніне аударды. Бұл – шикізаттың құбылмалы бағасынан сақтанудың кепілі және ұлттық экономиканың сапалы әрі сұранысқа ие тауар өндіру, сондай-ақ қызмет көрсету қабілетінің көрсеткіші. Мемлекет басшысы өз сөзінде әлемдік сауданың құлдырауы Қазақстанды да айналып өтпегенін атап өтті. Былтыр еліміздің сыртқы тауар айналымы 85 миллиард АҚШ долларын құрады. Бұл көрсеткіш 2019 жылмен салыстырғанда 13 пайызға төмен.

«Қазақстанның шикізаттық емес тауарларының экспорты 2,8 пайызға ғана төмендеп, 15 миллиард долларды құрады. Биылғы дағдарыс кезінде біз шетелден 18 миллиард доллардан астам тікелей инвестиция тарта алдық. Былтыр шетелдік компаниялардың қатысуымен жалпы құны 1,6 миллиард доллар болатын 41 инвестициялық жоба іске асырылды. 7 мыңнан астам жұмыс орны ашылды. Бүгінде әлемдік экономиканың қайта қалпына келуіне орай Қазақстан да экономикалық өсімнің қарқынын үдетеді. Үкіметтің болжамы бойынша 3,5 пайызға дейін өсім болуы керек, біз одан да жоғары көрсеткіш күтеміз» деді Президент.

Медициналық қызмет көрсету экспорты саласында Үкімет жеке медицинаны және медициналық туризмді енгізу ісін дамыту жөніндегі «General Electric» компаниясының ұсынысын қарастырады. «Қазақстан – өзінің ғылыми әлеуетінің арқасында коронавирусқа қарсы QazVac отандық вакцинасын әзірлеп шығарған аз ғана елдердің бірі. Өткен аптада Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының бас директорымен кездесу өткіздім. Бұл ДДҰ QazVac вакцинасын төтенше жағдайларда пайдалануға кеңес беретін дәрі-дәрмектердің тізіміне енгізуді қарастырып жатыр. Біз вакцина көлемін арттыруға және оны шетелге экспорттауға дайын екенімізді атап өткім келеді» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Шетелдік инвесторлар өз сөздерінде таңдалған тақырыптың маңызы мен өзектілігін атап өтіп, Қазақстанда шикізаттық емес экспортты дамыту және инвестициялық тартымдылықты арттыру жөніндегі ұсыныстарын ортаға салды.

# ВИРУСҚА ҚАРСЫ ҚАРУ – ЕКПЕ АЛУ

**Ауыр жағдайда ауруханаға түсетін елордалық науқастар саны азаймай тұр. Қазіргі таңда жансақтау бөлімінде індетке шалдыққан 73 науқас жатыр. Бұл туралы Нұр-Сұлтан қалалық Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы басшысының міндетін атқарушы Әлия Рүстемова хабарлады.**

naima.kz.2012@bk.ru
Наима НҰРАЛЫҚЫЗЫ

«20 мамырға дейін күніне орта есеппен шамамен 360 жаңа жағдай тіркелген болса, мамырдың екінші жартысынан бастап 200-ге жуық дерек тіркелді. Маусымда 9 күннің ішінде коронавирус инфекциясының 1721 жаңа жағдайы анықталды. Жұқпалы аурулар ауруханаларында емделушілер саны да азайды. Қазір ауруханалардың жүктемесі мамырдың басындағы 63 пайыздан 37 пайызға дейін төмендеді. Бұған халықты вакциналау маңызды рөл атқарды деп санаймыз» деді ол.

Оның атап өтуінше, пациенттер санының төмендеуіне байланысты соңғы бір аптада жалпы саны 240 төсек-орынды құраған 3 инфекциялық аурухана жабылып, бір жұқпалы аурулар ауруханасындағы кереуеттер 130 төсек-орынға қысқарды.

«Алайда ауруханаларға ауыр және өте ауыр жағдайда түсетін науқастардың саны азаймай отырғанын атап өткім келеді. Мәселен, бүгінде жансақтау бөлімінде 73 науқас жатыр, оның 19-ы өкпені желдету аппаратына қосылған. Олардың 70 пайызы – 60 жастан асқан адамдар, орта жастағы адамдар да жатыр. Оның үстіне барлығында аурудың ағымын қиындататын жанама аурулар бар. Бұған қоса, науқастардың 80 пайызы үйде өзін-өзі емдеп, дәрігерлерге қаралмаған, кәсіби медициналық көмекке жүгінбеген» деді Әлия Рүстемова.

Бүгінде 170 мыңнан астам адам вакцинаның 1-компонентін алған, бұл тиісті халық санының 26 пайызын құрайды. 113 мыңнан астам азамат (тиісті халық санының 18 пайызы) иммундау курсын толығымен аяқтады. Қоймада бірінші компоненттің 59 мыңнан аса, ал екінші компоненттің 55 мыңнан аса вакцинасы бар.

«Халықты вакцинациямен қамту үшін біз медициналық ұйымдардағы егу пункттерінің санын 3 есе арттырдық, олардың жұмыс кестесі, жексенбі мен мереке күндерін қоса алғанда, таңғы 8:00-ден 22:00-ге дейін ұзартылды. Бүгінгі таңда вакцинаның 3 түрі бар: ресейлік Sputnik V, отандық QazVac және қытайлық Hayat-Vaks (сауда атауы – Sinopharm).

Сондай-ақ халықты вакцинациялаумен толықтай қамту үшін вакцинация пункттері 8 сауда, ойын-сауық орталығында («Хан Шатыр», MegaSilkWay, «Керуен», «Абу-Даби Плаза», «Азия Парк», «Сарыарқа», «Еуразия», «Мечта» дүкені мен «Әлем» базарында) ұйымдастырылды. Осы уақыт аралығында сауда, ойын-сауық орталығында барлығы 29 мыңнан астам адам вакцинацияланды» деді Нұр-Сұлтан қаласының бас мемлекеттік санитарлық дәрігері Сархат Бейсенова.

Бұған дейін Орталық базар, «Биг Шанхай» мен «Артем» сауда үйінде (Астаналық базар) вакцинация орталықтарының ашылғаны туралы хабарлаған едік. Алайда бұл мекемелерде вакцинация жұмыстары төмен деңгейде жүргізілгендіктен, аталған пункттерді жабу туралы шешім қабылданды.




# АРНАЙЫ СЫЙЛЫҚ АЛАДЫ

**Бүгінде 120 мыңға жуық елордалық коронавирустық инфекцияға қарсы вакцинаның 2 компонентін алды. Халықты вакцинациялауда медициналық ұйымдармен бірге сауда-саттық орындарынан ашылған вакцинация пункттері көп пайдасын тигізуде.**

Сауда нүктелері вакцина салдырғандарды ынталандыру мақсатында түрлі байқаулар ұйымдастырып, бағалы сыйлықтар береді.

Мәселен, «Абу-Даби Плаза» сауда-саттық орталығындағы вакцинация пункті 22 сәуірде ашылды. Сол уақыттан бері мұнда 6100-ден астам адам екпе алыпты.

– Сауда орталықтарында вакцинация пунктінің көптеп ашылуы – қала тұрғындары мен қонақтарының ыңғайлылығы үшін жасалып отырған қадам. Кәсіп иелері өз тарапынан түрлі жеңілдіктер жасап, вакцина алушыларды ынталандыруға көшті. Біздің орталықтағы вакцинация пунктінде 7 маусымнан бастап екпе алғандарға арнайы сыйлығымыз бар. Оларға осы орталықта 24 сауда нүктесіне сауда-саттық жасауда түрлі жеңілдіктер жасалады, – дейді сауда орталығының бас директоры Хакан Нильсон.

**Шынболат АТЫХАНҰЛЫ**

# МЕРЕЙТОЙЫМЕН ҚҰТТЫҚТАДЫ

**Қала әкімі Алтай Көлгінов Мемлекет басшысының атынан ғалым, қоғам және мемлекет қайраткері Өмірзақ Озғанбайұлын 80 жылдық мерейтойымен құттықтады.**

«Жарты ғасырдан астам ғұмырын ол кісі педагогикалық қызметке арнады және сапалы білім беруді енгізу үшін көп еңбек сіңірді. Сондай-ақ Өмірзақ Озғанбайұлы әр жылдары ҚР Жоғарғы Кеңесінде, ҚР Парламенті Сенатында және т. б. қызмет атқарған. Өмірзақ Озғанбайұлына зор денсаулық, ұзақ ғұмыр тілеймін» деді әкім Instagram парақшасында.



# СПОРТ ҒИМАРАТТАРЫН ҚАЛАЙ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНАМЫЗ?

**Елорда әкімі Алтай Көлгінов «Астана» футбол клубының бас жаттықтырушысы Андрей Тихоновпен және «Астана» ФК бас директоры Давид Лориямен кездесіп, балалардың стадион базасында жаттығуларын өткізу, соның ішінде ішкі чемпионатта өнер көрсететін футбол клубының жаңа түрі туралы мәселені талқылады. Кездесуде әкім жас спортшыларға жасалған жағдайлар туралы ойымен бөлісіп, жаңадан салынатын спорт кешендерінің жұмысы жайлы мәлімет берді.**



«Ірі спорт нысандары балаларымыз үшін ашық әрі қолжетімді болады. Спорттық ғимараттар чемпионаттар мен ойындарды, спортшылардың жаттығуын өткізуге арналған алаңдар ғана емес, сонымен қатар оқушыларымыз үшін сабақ өткізетін орын болуы тиіс. Бұл олардың жаттығуларының сапасына жағымды әсер етеді, сонымен қатар жастарды ынталандырады. Жан-жақты жағдай жасау үшін спорт нысандарын жөндейміз. Мысалы, биыл «Астана Арена» стадионында жұмыстар жүргізілді. Дренаж жүйесі, суару жүйесі жаңартылды, енді көгалдар FIFA стандарттарына сәйкестендіріледі, киім ауыстыратын бөлмелер жөнделді. Сонымен қатар ғимараттардағы бос бөлмелерді ұтымды пайдалану қажет. «Астана Арена» стадионы базасында жауынгерлік өнер залы ашылды» деп түсіндірді әкім.

Сондай-ақ Алтай Көлгінов қаладағы аулалар мен қоғамдық кеңістіктердің көпфункциялы болатынын жеткізді. «Үрлемелі футбол кортын жөндедік (Жирентаев көшесі, 15 Б, Алматы ауданы). Велоспорт бойынша балалар мен жасөспірімдер спорт мектебіне және атыс бойынша құрама командаға қосымша спорттық құрал-жабдықтар берілді. Біздің міндетіміз – балалар мен жасөспірімдер спорт мектептерін, федерацияларды қолдау және тұрғындарды салауатты өмір салтына, спортқа баулу. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша қала тұрғындарын бұқаралық спортқа баулу үшін саябақтар, скверлер, аулалар, жаңа спорт кешендерін саламыз. Биыл 150 аула мен 40 қоғамдық кеңістік салынады. Олардың барлығы көпфункциялы болады» деп жазды әкім Instagram парақшасында.

# ТЕГІН САБАҚТАР ӨТЕДІ

**Нұр-Сұлтан қаласының тұрғындары үшін жаз мезгілінде йога, фитнес жаттығулардан арнайы тегін сабақтар өтеді.**

Қалалық Дене шынықтыру және спорт басқармасының ұйымдастыруымен өтетін тегін сабақтарды кәсіби жаттықтырушылар мен фитнес нұсқаушылар жүргізеді. Басқарманың бұқаралық спорт бөлімінің бас маманы Ақерке Өтегенова алғашқы жаттығу алдағы демалыс күндері ашылатын «Demalys promenad» алаңында басталатынын айтты.

«Тегін сабақтар мен жаттығулар 12 маусым күні ашылатын «Demalys promenad» демалыс көшесінде бастау алады. Сонымен қатар аталған көшеде спортшыларымыз киокушинкай каратэ, муай тай, таэквандо, көркем гимнастика секілді спорт түрлерінен шеберлік сабақтарын өткізеді. Сондай-ақ «Қолжетімді спорт» бағдарламасы аясында елорда тұрғындарына фитнес, жүгіру, воркаут, зумба, йога, тыныс алу гимнастикасы, скандинавиялық жүріс секілді спорт түрлерінен кәсіби жаттықтырушылармен сабақтар ұйымдастырамыз. Сабақтар қаламыздың барлық саябақтары мен шалғай аудандарды да қамтитын болады» деді аталмыш басқарма өкілі.

# ТҰРМЫСТЫҚ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ ТОҚТАЙ МА?

**Мессенджерлердегі бейне және аудиожазбалар, жанжал шығарушымен әңгімелесу – отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алудың пәрменді әдісі. Бұл туралы Нұр-Сұлтан қаласы Полиция департаменті жергілікті полиция қызметінің әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау бөлімшесінің бастығы Гүлмира Шрахметова мәлімдеді.**

Оның айтуынша, қабылданып жатқан шараларға қарамастан отбасылық-тұрмыстық қылмыс деңгейі соңғы 3 жылда өсті. Тұрмыстық жанжалдың басты себебі – маскүнемдік.

Полиция тұрмыстық зорлық-зомбылық жолын кесу үшін ПИК пен тұрғындарды барынша жұмылдыра бастады. Учаскелік инспекторлардың отбасылық жанжалдар бойынша шақырылуына бақылау күшейтілді.

Г.Шрахметова тұрмыстық зорлық-зомбылық мәселесін шешу полициядан басқа да мүдделі үкіметтік емес ұйымдардың белсенділігіне тікелей байланысты екенін айрықша атап өтті.

«Әйелдер, негізінен, ұрып-соғуға және қорлауға ұшырайды әрі мұны полициядан жасырады. Жұбайын өзі тәрбиелеуге тырысады. Бұл әдетте бірнеше апта мен айға созылады. Қайғылы жағдаймен аяқталатын сәттер де жиі кездеседі. Осындай жағдайларда балалар да зардап шегеді» дейді Г.Шрахметова.

Осындай проблеманы шешу үшін полиция елорданың үкіметтік емес ұйымдарын тарта отырып, жәбірленушілердің құқықтарын қорғау іс-шараларын іске асыруда. Оларға психологиялық көмек, заңгерлік қолдау көрсетілуде. Биыл дағдарыс орталықтарына 50-ден астам әйел мен өмірлік қиын жағдайға тап болған 100-ге жуық бала орналастырылып, түзету жұмыстары жүргізілді.

№68 (4192) 12/06/2021 Сенбі

# КАРАНТИНДЕ ЛАГЕРЬЛЕР ҚАЛАЙ ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ?

**Елімізде мектеп жасында 3,5 млн бала бар болса, солардың 76 пайызы лагерьге баратын жаста. Алайда олар былтыр індет өршігенде лагерьге бара алмады. Биыл сол олқылықтың орны толтырылып, елімізде 12 мың лагерь балалардың демалысына қызмет етпек. Бүгінде эпидемиологиялық ахуал тұрақталып, оны бақылау мүмкіндігі болса да, індет әлі толық кеткен жоқ және елде екпе алғандар деңгейі жеткілікті көлемде емес. Сондықтан ата-аналар тарапынан жазғы лагерьлердің карантин жағдайындағы қызметі туралы сұрақтар туындайтыны заңды.**



ray77781@mail.ru
Райхан РАХМЕТОВА

Жаздық лагерьлер балаларға жаңа достар табуға, жаңа білім алуға және түрлі тамаша көңіл-күйді бастан кешіруге мүмкіндік береді. Сондықтан көптеген ата-аналар жазғы балалар лагерьлерінің ашылуын асыға күтеді. Бірақ елорда әлі де «қызыл аймақтан» шықпағандықтан, мұнда лагерьлердің көбінің жұмыс істеуіне тыйым салынған. Ал ашылып жатқандарына кіру үшін ПТР-тест тапсыру міндеттеліп отыр. Әсіресе, қала сыртындағы лагерьлерге сондай талап қойылған. Тест ақысын баланың ата-анасы төлейді.

– Қазіргі таңда елорда тұрғындарының, оның ішінде балалардың дерт жұқтыру фактілері әлі тіркеліп отыр. Нұр-Сұлтан қаласы 2021 жылдың 10 наурызынан бастап ел аймақтарындағы эпидемиологиялық жағдайды бағалау матрицасының «қызыл аймағында» орналасқандықтан, мектеп жанындағы лагерьлердің қызметіне рұқсат берілген жоқ. Биыл жазда бас қалада тек әл-Фараби және М.Өтемісов атындағы оқушылар сарайларында үйірме ретінде мектеп жанындағы лагерьлердің қызметі ұйымдастырылған. Ол жерде тамақ берілмейді. Лагерьлерге келетін балалар мен оқушылар сарайындағы үйірмелерге баратын балалардың бір уақытта топталып жиналуын болдырмас үшін лагерьлер түске дейін ғана жұмыс істейді, – дейді СЭБД Білім беру және тәрбиелеу объектілерін бақылау және қадағалау бөлімінің бас маманы Анар Теңізқұлова.

Маманның айтуынша, лагерьлердің қызметі Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің осы жылдың 26 мамырындағы № 24 «ҚР Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің 2020 жылғы 25 желтоқсандағы №67 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» Қаулысының «Шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантинді енгізу кезеңінде меншік нысанына қарамастан мектеп жанындағы, қала сыртындағы балаларды сауықтыру лагерьлерінің қызмет алгоритмі» 2-қосымшасына сәйкес жүргізіледі.

Мамырдың соңында ата-аналар чатына бір мектептен елордадағы екі лагерьге бару мүмкіндігі туралы хабарлама түсті. Екеуі де қала сыртындағы лагерьлер 8-17 жас аралығындағы балаларды қабылдайды. «Арман» және «Боровичок» лагерьлері биыл 7 маусымда жұмысын бастап кеткен. Балаларды 5 кезеңде қабылдайтын лагерьде бір маусымдағы демалыс уақыты – 10 күн. Демалысқа баруға қажет құжаттардың ішінде әдеттегідей баланың дені сау екенін растайтын 086 форма және педикулез еместігін көрсететін анықтамамен қоса лагерьге барардан үш күн бұрын тапсырған ПТР тест нәтижесі де сұратылған. Сонымен лагерьлерде балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру кезінде бұрынғыдан басқа тағы қандай қауіпсіздік шаралары орындалуы керек?

– Біріншіден, эпидемияға қарсы іс-шаралар жүргізіледі, атап айтқанда, әр жұмыс ауысымының алдында қызметкерлерді және балаларды ұйымға қабылдау кезінде олардың денесіне жанаспай күнде таңертең термометриямен тексеру керек. Сонымен қатар әр ауысымды ашар алдында дезинфекциялау құралдарын қолдана отырып, кешенді тазалау жұмыстарын жүргізу қажет. Ұйымға, санитарлық тораптарға кіреберісте қолды жуу үшін сабын мен антисептиктердің тұрақты болуын қамтамасыз етуі тиіс. Маска тағу режимі лагерьде сақталады. Үй-жайларды жиі-жиі желдетіп отыру да маңызды. Ауызсу режимінің сақталуына, бір рет қолданылатын стакандардың жеткілікті мөлшерде болуына, кулер мен дозаторларды өңдеу жұмыстары уақытында жүргізілуіне бақылауды күшейту қажет. Сабақтар мен үйірмелердің жұмысы әр топ балалары бір-бірімен байланыста болмайтындай етіп ұйымдастырылуы керек. Ауа райы қолайлы болса, іс-шараларды мүмкіндігінше сыртта ашық аспан астында өткізу мақұлданады. Бөгде адамдар мен ұйымдардың қатысуымен бұқаралық іс-шаралар өткізуге тыйым салынады, – дейді А.Теңізқұлова. Лагерь әкімшілігіне хабарласқанымызда Қаулыға сәйкес барлық талаптар сақталатынын естідік. Әрине, жаз жайнатып, күн күлдіріп, лагерьге асыға жеткен балалардың бақытты сәтінен артық ештеңе жоқ. Бірақ олардың қауіпсіздігі бәрінен маңызды. Сондықтан демалыс орындарындағы шаралардан бөлек әр ата-ана баласын лагерьлерге жіберер алдында жеке бас гигиенасын қалай сақтау керектігін түсіндіргені де абзал.



**Қала әкімдігі тұрғындарды баспанамен қамту мәселесіне айрықша назар аударады. Биыл кезекте тұрғандарға арнап 10 мың пәтерлі тұрғын үйлер салынады.**

# 10 МЫҢ ОТБАСЫ БАСПАНАЛЫ БОЛАДЫ

Әлеуметтік пәтерлерді ерекше қажеттіліктері бар балаларды тәрбиелеп отырған аналар, жетім балалар, толық емес отбасылар, көпбалалы отбасылар, мүгедектер, зейнеткерлер, ҰОС қатысушылары сияқты санатқа жататындар ала алады. Сонымен қатар баспана кезегінде тұрған Отбасы банкінің (Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі) салымшылары осы тұрғын үйлерден пәтер ала алады. Әкімдік тарапынан жастар, ерекше қажеттіліктері бар балаларды тәрбиелеп отырған отбасылар, көпбалалы отбасылардың баспана мәселесін шешуге басымдық беріледі. Олардың алды пәтер кілтіне келесі айда қол жеткізбек.

Сонымен қатар, биыл Елбасының бастамасымен қолға алынған «Жұмыс істейтін жастарға жалға берілетін тұрғын үй» бағдарламасы да жалғасын табады. Бағдарлама аясында жыл соңына дейін тағы мыңнан астам жас баспаналы болады. Жыл басында 350 елордалық жас отбасы қоныс тойын тойлаған еді.

Сондай-ақ биылдан бастап жастар үшін арнайы тұрғын үй бағдарламасы (әлеуметтік несиелеу) іске қосылады.

Қазақстандық тұрғын үй компаниясы желісі бойынша тұрғын үй бағдарламасына қатысушылардың да санаты кеңейтілді. Енді бұл бағдарламаға медицина қызметкерлері, педагогтар, әлеуметтік қызметкерлер, өрт сөндірушілер, тәртіп сақшылары, мәдениет және спорт қайраткерлері қатыса алады. Баспанаға мұқтаждарға арналған тұрғын үй сертификаттарының сомасы 1 миллион теңгеден 1,5 миллион теңгеге дейін ұлғайтылды. Сәйкесінше тұрғын үй сертификатын алушылардың санаты да кеңейтілді.

Жалпы бас қалада 2018 жылы – 1800 әлеуметтік пәтер, 2019 жылы 2900 әлеуметтік пәтер салынса, 2020 жылы 7 мың жеңілдікті пәтер пайдалануға берілді. Ал биыл Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша елордадағы қолжетімді тұрғын үй құрылысының көлемі ұлғайып, әлеуметтік пәтер саны 10 мыңға жетті.

Осылайша соңғы үш жылдың ішінде әлеуметтік тұрғын үй салу көрсеткіші 5,5 есеге өсті.

Қаладағы көппәтерлі тұрғын үй кешендерін жөндеу, ескі және апатты жағдайдағы тұрғын үйлерді бұзу, көпқабатты тұрғын үйлердің құрылысын аяқтау да маңызды мәселе саналады. Өткен жылы елордада 50-ден астам көппәтерлі тұрғын үй кешені жөнделді. Соңғы екі жылда апатты жағдайдағы ескі үйлерден 400-ден астам отбасы көшірілді. Биыл тағы да 200-ден астам отбасын көшіру және олар үшін жайлы, ал ең бастысы, өмір сүру үшін қауіпсіз жағдай жасау жоспарланып отыр.

Сондай-ақ үлестік құрылыс нысандарын аяқтау жұмыстары жалғасуда. 1,5 жыл ішінде «сақалды» құрылыс нысандарының саны екі еседен астам азайды. Биыл 50-ден астам көппәтерлі тұрғын үйдің құрылысын аяқталып, 7 мыңнан астам үлескер көптен күткен пәтерлеріне қол жеткізбек.

# ЖЕР ТЕЛІМДЕРІ НЕ ҮШІН АЛЫНАДЫ?

**Елорданың жобалық көшелерінің біріне мемлекет қайраткері Николай Макиевскийдің есімін беру ұсынылды. Нұр-Сұлтан қаласы ономастика комиссиясы бұл ұсынысты мақұлдады. Қалалық мәслихаттың көпшілік тыңдауларында аталмыш ұсыныспен Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының басшысы Тілеуғали Қышқашбаев таныстырды.**

amangali.kalzhan@mail.ru
Аманғали ҚАЛЖАНОВ



Николай Макиевский көп жыл құрылыс саласында еңбектенді. Еліміздің Премьер-министрінің орынбасары, Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитетінің төрағасы болды.

- 1997 жылы астананы Алматыдан Ақмолаға көшіруге байланысты республикалық жоғарғы және орталық мемлекеттік органдарын көшіру жөніндегі мемлекеттік комиссияны Николай Макиевский басқарды. Атқарған қызметі үшін «Парасат» орденімен және көптеген мемлекеттік наградалармен марапатталды, - деді Т. Қышқашбаев. Қалалық мәслихат депутаттары бұл ұсынысты біраузыдан қолдады.

Артынша мәслихаттың заңдылық, құқық тәртібі және жұртшылықпен жұмыс мәселелері жөніндегі тұрақты комиссияның отырысы өтіп, жер телімдерін мемлекет мұқтаждығына алу мәселесі қаралды. Онда Тұрғын үй және тұрғын үй инспекциясы басқармасы басшысының міндетін атқарушы Дархан Құлбаев баяндама жасады.

Тәуелсіздік даңғылы мен Шарль де Голль көшесінің қиылысында жапсарлас орналасқан үй-жайлары мен паркингі бар көппәтерлі тұрғын үй кешені салынады. Ш. Қосшығұлұлы көшесі, №6/1 және №8 үйлердің аумағы мен К. Күмісбеков көшесі, №7, №7/1 үйлердің ауданы абаттандырылады. Қарасай батыр және Бұланты көшелерінің қиылысында мектеп құрылысы жүргізіледі. Ш. Уәлиханов көшесінен Ш. Жиенқұлова көшесіне дейінгі учаскеде Ы. Дүкенұлы көшесі салынады. К. Күмісбеков және Ш. Қосшығұлұлы көшелерінің қиылысында жапсарлас үй-жайлары мен паркингі бар көппәтерлі тұрғын үй кешені бой көтереді. Жер телімдері осы мақсаттарда мемлекет мұқтаждығы үшін алынбақ.

Жер телімдерінің меншік иелері онлайн режимінде тұрақты комиссияның отырысына қатысуға шақырылды. Олар өтемақы сомасымен танысқандарын және уәкілетті орган мен мәслихатқа наразылықтары жоқ екенін растады. Енді бұл мәселе мәслихаттың сессиясында қаралып, өтемақы содан соң беріледі.

# ЖЫЛ БАСЫНАН ҚАНША ЖАРНА ТҮСТІ?

**Елордалықтар осы жылдың қаңтар-мамыр айларында медициналық сақтандыру үшін 19,5 млрд теңге жарна аударған. Осылайша Нұр-Сұлтан қаласы бойынша 2017 жылдың 1 шілдесі мен 2021 жылдың 31 мамыры аралығында медициналық сақтандыру үшін жинақталған жарнаның жалпы сомасы 74,4 млрд теңгені құрады.**

2021 жылдың мамыр айында медициналық сақтандыру үшін елордалықтар 3,4 млрд теңгеден аса жарна аударған. Оның ішінде жұмыс берушілердің аударымы 1,6 млрд теңгеден асады, ал жеке кәсіпкерлерден 1,8 млрд теңге түскен. Сондай-ақ осы жылдың 31 мамырындағы жағдай бойынша 6 931 адам бірыңғай жиынтық төлем (БЖТ) бойынша МӘМС-ке жарна төлеген.

«Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру үшін түскен барлық жарна аударымдары, яғни жинақталған қаржы, сенімгерлік басқару туралы жасалған келісімшартқа сәйкес, Ұлттық банкте сақталады да, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру пакеті шеңберіндегі қызметтер ақысын төлеуге жұмсалады» дейді «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Нұр-Сұлтан қаласы бойынша филиалының директоры Нұрлыбек Қабдықапаров.



Медициналық сақтандыру қоры пациенттер құқығын қорғайды. Қандай да бір сұрақтар туындаған жағдайда Qoldau 24/7 мобильді қосымшасына, @saqtandyrybot телеграмботына, 1406 байланыс орталығына, fms.kz сайтына хабарласуға болады. Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры өтініштерді қарап, тиісті шара қабылдайды.



qaliakbarkz@gmail.com

Қалиакбар
ҮСЕМХАНҰЛЫ

# БАРҒАН САЙЫН АСПАНДАП, БАҒА, ҚАЙДА БАРАСЫҢ?

*(Соңы. Басы 1-бетте)*

**АРЗАНҒА ЭКСПОРТТАП, ҚЫМБАТҚА ИМПОРТТАЙМЫЗ**

Министр өткен жылы 69 мың тонна картоп төмен бағамен экспортталса, биыл сол теңгерімсіздікті толтыру үшін отандық картоптан үш есе қымбат бағамен Иран мен Пәкістаннан 28 мың тонна картоп импортталғанын, сәбіздің тапшылығына төтеп беру үшін Өзбекстаннан сәбіз жеткізу жоспарланып отырғанын атап өтті. Мұны естігенде күлерімізді де, жыларымызды да білмей қиналдық. Өткен жылы Қытайда коронавирус тарағанда, Қазақстандағы беттұмшаның бәрін Қытайға сатып жіберіп, кейін ел маска таппай қиналып, 15 теңгелік беттұмшаның өзін 200 теңгеден әзер сатып алған еді. Сол кезде министрлер бұл тапшылықты отандық өндірістің дамымағанымен, беттұмша тігуге қажетті материалдың шетелден жеткізілетінімен түсіндірген еді. Ал енді әркім өз ауласына егіп, жазда кәтелдеп көміп, күзде дағарлап жинап алуға болатын картопты жер көлемі бізден әлдеқайда кішкене Иран мен Пәкістаннан сатып алуымызды қалай түсінуге болады? Қазақстандықтардың жалқаулығынан көреміз бе, жоқ бағасы келсе бәрін сатып жіберетін жоспарсыз Үкіметтің жайдақтығына жатқызамыз ба?!

Жалпы, азық-түлік бағасы әлем бойынша көтерілді. Біріккен Ұлттар Ұйымының азық-түлік және ауыл шаруашылығы құрылымының деректеріне сәйкес, биылғы мамыр айында баға өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 40%-ға өскен. Бұл – соңғы 10 жылдың рекордтық көрсеткіші. Ал елімізде өткен 5 айдың қорытындысы бойынша әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының қымбаттау көрсеткіші Түркістан облысында – 9,4%, Нұр-Сұлтан қаласында – 8,5% және Алматы қаласында 6%-ке жеткен. Міне, осыны алға тартқан министрлер «Біздегі зат бағасының өсуі Ресейден әлдеқайда төмен» деп халықты алдаусыратқысы келеді. Бірақ Ресейде жалақы мен еңбекқүш ақысының бізден жоғары екенін ескермей ме, жоқ әлде айтқысы келмей ме, әйтеуір ол жағын ауызға алмайды. Ал Премьер-министр Асқар Мамин болса, меморгандар мен өңір әкімдіктеріне әлеуметтік маңызы бар азық-түлік бағасын тұрақтандыруды тапсырып, құрылыс материалдары бағасының негізсіз өсуін болдырмау бойынша шара қабылдауға шақырғаны болмаса, түбегейлі жоспарды ашпады. Бағаның өскенін мінбеден мінегенімен, базардағы баға төмендей ме? Күн сайын өсіп бара жатқан бағаны реттеуге кешенді шаралар керек. Әйтпесе, бір-екі ай ішінде құрылыс материалдары 16 пайызға қымбаттап, өткен жылы текше метрі 18-19 мыңнан сатылған сықпакірпіштің (газоблок) бағасы 30 мыңға; өткен жылы 70 мың теңге тұратын қарағай тақтайлардың текше метрі 150 мыңға; бес мың теңгелік тақтайлардың (osb) бағасы 15 мыңға дейін көтерілуі шарасыздықтың көрінісі емей немене?!



> Әрине, қай саланы алып айтсақ та, бағаның өсуі мұнымен тоқтап қалмайтыны анық. Алдағы айларда баға және өспесе, түспейді. Күзде картоп, сәбіз, пияздың бағасы арзандайды деген күннің өзінде **70** теңгелік (картоп) баға келмеске кетті. Мықтағанда **170** теңгеге түсер, әйтпесе, **400** теңгелік жертүйнектің (картоп) бағасы **200** теңгеден арзан болмайды. Күзде арзандағанымен, қыста қайта қымбаттап, бір келі картоптың бағасы **500** теңгеге дейін баруы да ықтимал. Бірақ соны қадағалап, зат бағасының негізсіз өсуіне тосқауыл қойып отырған мекеме жоқ. «Шара қолданамыз, жол бермейміз» деген жарамсыз жоспармен елді алдаусыратумен әлек

**БАРЛЫҚ САЛАНЫ ҚЫМБАТШЫЛЫҚ ЖАЙЛАДЫ**

Зат бағасының күрт қымбаттауына ілесіп, алыпсатарлардың тауарды басып қойып қымбатқа сататын жағдайы да төбе көрсете бастаған. Мәселен, қазір базарда цемент табу қиын. Жоқ емес бар, бірақ сатушылар алда бағаның тағы өсетінін алға тартып, қазір сатқысы келмейтінін ашық айтып отыр.

Киім-кешек бағасы да күн санап көтеріліп барады. «Біз тауарды Қырғызстан мен Қытайдан тасимыз. Өткен жылдан бастап Қытайдан тауар кіргізе алмай жатырмыз, ал басқа елдерден келетін тауардың бағасы да ай сайын құбылып тұр. Өткен жылдың соңында 8000 теңгеден сатқан әйелдердің көйлегін қазір 13000-нан сатуға мәжбүрміз. Өйтпесек, дүкеннің жалақысы мен сатушылардың еңбекақысын өтемейді» дейді «Орда» базарында әйелдер киімін сататын Арман Дүйсенбай.

АИ-92 жанармайының литрі 160 теңгеден асып, 170 теңгеге жеткеніне де біраз уақыт болды. Ол аздай билайн, актив, алтел сияқты телебайланыс компаниялары да тарифтерін қымбаттатып жатыр. Бұрын бір ай сөйлесуге жететін мың теңгелік тарифтерді қазір астананы алты айналсаң да таппайсың. Тіпті, айлық ақысы 2000 теңгеден төмен баға жоқ.

Зат бағасының қымбаттауына уақытша жұмыс істейтіндердің де күндік ақысы жоғарылады. Соның әсерінен қазір көптеген өндіріс орындары жұмысшы таппай қиналып отыр. «Айына 160-180 мың теңге жалақы берем десем де шеберханама жұмысшы таппай отырмын. 180 мыңнан есептесең де, күні 7000 теңгеден айналады, бірақ 7000 теңгемен бір отбасын қалай асырайды, бір келі картоп 400 теңге болса!? Ал 200 мың теңгеден асырып беруге біздің қалтамыз көтермейді. Жыл басында 2100 теңгеден алған қарағай тақтайдың құны – қазір 4500 теңге. Яғни, ағаш материалдарының құны 2 еседен артық көтеріліп кетті» дейді бас қаланың іргесіндегі Қосшы ауылында ағаш үйлер жасаумен айналысатын «Куә» компаниясының директоры Ықылас Оразбайұлы.

Әрине, қай саланы алып айтсақ та, бағаның өсуі мұнымен тоқтап қалмайтыны анық. Алдағы айларда баға және өспесе, түспейді. Күзде картоп, сәбіз, пияздың бағасы арзандайды деген күннің өзінде 70 теңгелік (картоп) баға келмеске кетті. Мықтағанда 170 теңгеге түсер, әйтпесе, 400 теңгелік жертүйнектің (картоп) бағасы 200 теңгеден арзан болмайды. Күзде арзандағанымен, қыста қайта қымбаттап, бір келі картоптың бағасы 500 теңгеге дейін баруы да ықтимал. Бірақ соны қадағалап, зат бағасының негізсіз өсуіне тосқауыл қойып отырған мекеме жоқ. «Шара қолданамыз, жол бермейміз» деген жарамсыз жоспармен елді алдаусыратумен әлек.

**ЕНДІ ЕТ БАҒАСЫ ӨСЕ МЕ?**

10 маусым күні Мемлекет басшысы «мал шаруашылығының сапалы әрі экологиялық таза өнімін экспорттау біз үшін басым бағытқа айналуы керек. Отандық өнімдердің сапасы мен қауіпсіздігі халықаралық деңгейде мойындалуы маңызды. Бұл мәселе Сауда және интеграция министрлігінің, Ауыл шаруашылығы министрлігінің экспорттаушыларды қолдаудағы басты бағыттарының біріне айналуы қажет» деді. Өте дұрыс тапсырма. Бірақ ауыл халқы бұзауы жайылатын жер таппай отырғанда, сондай-ақ оңтүстікте, батыста қуаңшылық салдарынан мал қырылып жатқанда, ет экспортына екпін беру енді елде ет бағасының шарықтауына алып келмес пе екен деген күдігімізді күшейтіп отыр. Себебі осыдан бір-екі жыл бұрын Иран мен Өзбекстанға мал экспорттай бастағанда ет бағасы күрт көтерілумен қатар, ел ішінде ет тапшылығы байқалған еді. Соңынан шетелге мал экспорттауға уақытша тыйым да салынған. Мемлекет басшысының пәрменінен кейін бұл тыйым да алынатыны анық. Бірақ Қазақстан ет экспорттауға дайын ба? Біздің мал шаруашылық өндірісі ел іші қажетін артығымен қамтамасыз ете ала ма деген мәселеге назар аудармай болмайды. Мәселен, қазір Қазақстанда сиыр етінің бағасы – 2000 теңге. Ал көрші Қытайда бір келі сиыр еті – 5000 теңге шамасында. Егер біз ет экспортына жасыл дәліз ашсақ, біздің етіміздің көбі Қытайға кетеді. Тіпті, 3000 теңгеден сатсақ та, Қытай үшін арзан. Әрине, экспорт бағасы көтерілсе, ел ішіндегі баға да қымбаттайды. Бірақ 3000 теңгені қазақстандықтардың қалтасы қалай көтереді?! Демек, Үкімет ұтымды тәсіл қолданбаса немесе малға берілетін қосымша қаражатты молайтпаса, болашақта Қазақстан халқы малды бағатын, бірақ етін өзі жей алмайтын жағдайға келуі де әбден мүмкін. Бұл, әрине, ойланатын жағдай.

Ендеше, Қазақстанда зат бағасы неге жыл сайын аспандап барады? Мұның себебі көп. Әсте біздің министрлер айтқандай, «алыпсатарлықтан» ғана қымбаттап жатқан жоқ. Керісінше, отыз жыл бойы ішкі өндірісті дамытуға күш салмай, импортқа сүйенуіміз; іш киімнен бастап, байпаққа дейінгі тауарды шетелден тасып, өзімізде өндіруге ден қоймауымыз; халықты ішкі өндірісті дамытуға ынталандырмауымыз; одан да маңыздысы, орын алған жемқорлықтың әсерінен, ауыл шаруашылығын, өнеркәсіпті, орта, шағын бизнесті қолдау қаржысын ұтымды пайдалана алмауымыз соңғы кездері бағаның еселеп өсуіне мұрындық болды. Ел Үкіметінің халықтың тұрмыс деңгейін көтеру, сан-салалы шаруашылықты дамыту тұрғысынан жасаған жоспарының жетілмеген тұстары көптігі; бірі келіп, бірі кетіп жататын кейбір министрлер мен жергілікті басшылардың біліксіздігі де елдегі күнкөріс жағдайының барған сайын қиындап бара жатқанына мұрындық болып отырғаны жасырын емес.

**ЕЛОРДАДА – ЕСІМІ**

# «ҮРКЕРДІҢ» ҰЛЫҚ ЖҰЛДЫЗЫ





**Елордадан Қорғалжын тасжолымен шығып коттедждер қалашығы Үркерді бетке алып жүрсеңіз, Бекет ата көшесін тез табасыз. Арқаның адамдары үшін Бекет ата есімі аса таныс болмауы мүмкін. Арнайы іздеп барғандарға «Маңғыстауда Пір Бекет!» деген сөз жақсы таныс. Сол себепті де осы өңірден шыққан газетіміздің тұрақты авторы, белсенді оқырманы, сәулетші, жазушы Сайын Назарбекұлына өтініш жасап, Бекет Ата туралы айтып беруін өтінген едік.**



Кез келген маңғыстаулықтың ана құрсағынан шыр етіп жарық дүниеге шыққан сәтінен бастап, сол жарық дүниемен қоштасқанға дейінгі аузынан түспейтін, құлағынан кетпейтін, санасынан өшпейтін, Алласынан кейін қасиетіне табынар, тағдыр қысқанда арқа сүйеп жалынар, кінәсіздігіне «Бекет атсын» деп ақталар, медет іздегенде – Ер Бекет! – деп шағынар, бүкіл елдің ары менен намысы іспеттес сөз бар. Ол сөз – Бекет Ата!

Бекет – тірілей Пір атанып, адай елінің ұраны мен рухани панасына айналған адам!

Жас кезінен ата-баба туған топырағын азат ету жолындағы ерліктері, қысылшаң кезде жол тапқыш көріпкелдігі оны Ер Бекет атандырады. Бекет Мырзағұлұлын елі бірте-бірте өздерінің рухани ұстазына, қасиетіне табынар әулиесіне айналдырады.

Ата тегі туралы бірер сөз.

Бекеттің тек шежіресі: Адай – Келімберді – Мұңал – Жаулы – Қосқұлақ – Жаналы – Мырзағұл – Бекет.

Бекет Атаның анасы – Жания, Маңғыстауға алғашқы келген ислам дінін таратушы, Назар қожа қызы. Назар қожа Әлмембет ауылына тұрақтайды.

Әлмембеттің: Табынай, Бәубек, Шоңай, Зорбай атты төрт ұлы бар еді және оның тәрбиесінде қайтыс болған інісінен қалған ауру қызы да болады. Сол қызды Назар қожа емдеп жазады да, Әлмембет Назар қожаны сол қызына үйлендіреді және Назар қожаны бесінші ұлым деп жариялайды. Бекеттің анасы Жания – солардың баласы. Сонымен: Адай шежіресі бойынша Бекет нағашысы Назар қожа бабалары: Адай – Келімберді – Тобыш – Ораз – Жайық – Әлмембет – Назар қожа.

Бекеттің нағашысы Тама Есет Көкұлы (1667-1766) қалмаққа қарсы соғыстарда ерен батырлығымен елге танылып: «Пірдің соңы – Бекет, ердің соңы – Есет» делінетін, халық мәтеліне айналған әйгілі Есет батыр екен.

Бекет жасынан білуге құштар және табиғи танымы зор адам болған. Ол Хиуа қаласындағы Шерғазыхан медресесінде Мұхаммадұлы Пақыржан (Фахраддин) Пірден 7 жыл дәріс алады. 21 жасында Маңғыстауға оралып, талай жорықтарға қатысып ерлік, тапқырлық, көріпкелдік қасиеттерімен Ер Бекет атанады. Кейін ислам дінін уағыздап, өмірінің соңына дейін шәкірт оқытып, ұстаздық етеді. Осы кезеңде софылық дәрежеге дейін жетіп, Бекет софы, Пір Бекет атанады. Бірнеше жерасты мешіт салады. Ел аузындағы әңгімелерде ол салған мешіт саны – жетеу, нақты белгілісі – бесеу. Олардың төртеуі – әкжартастарды үңгіп, жасалған ғимараттар.

Бекет атаның азаматтық, машайықтық, әулиелік қасиеттерін Әбіш Кекілбаев былайша толғана суреттеген еді: Ол – көзінің тірісінде қиянатқа жол бермес әділдіктің, күпірлікке жол бермес адалдықтың, қараулыққа жол бермес шапағаттылықтың, қатыгездікке жол бермес мейірімділіктің, арсыздыққа жол бермес парасаттылықтың асқан үлгісін танытқан, елінің жел жақтағы панасы, ық жақтағы саясы бола білген азамат, жаудан елді арашалаған батыр, дауда әділетті арашалаған қази, озбырлықтан обал мен сауапты арашалаған пірәдар, әлсізге – медет, күштіге –айбар, зарыққанға – жебеу, тарыққанға – демеу, асқанға – тосқан, сасқанға – сая, ұрпаққа – ұстаз, ұлысқа – ұран, ел иесі – жер киесі!

Біз де атамызға 1997 жылы «Ер Бекет ата» атты өлеңімізді арнаған едік. Бұл өлеңге сол жылы шымкенттік сазгер Өмірзақ Жұмағұлұлы Оспанов тамаша ән шығарған болатын. Зор дауыспен айтылатын бұл ән автордың өзінің орындауында және маңғыстаулық Әбіл әншінің орындауында елге танымал болды.

Есте жоқ ескі заманнан жатталып қалған «Маңғыстаудың ойында 360 әулие» сөзіне адайлар Маңғыстау атамекенін қалмақтар мен түркімендерден босатқан кезде еңбегі ерекше болған туған жерді азат ету күресінде ерекше ел-жұртты біріктіруге, байлығымен көмек еткен Саназарды, рухани күшімен көмек еткен Ер Бекетті әулиелер санатына қосады да, енді «Маңғыстаудың ойында 362 әулие» деп айтыла бастайды.

Еліміздің рухани тіршілігіне аянбай еңбек етіп, зор үлесін қосып жүрген философия және тарих ғылымдарының докторы Өмірзақ Озғанбаев: «Ұлы баба есімі өз тұсында Бұхара, Хорезм мекендерінде жарық көрген энциклопедиялық ғылыми кітаптарға енген. Мысалы, «Рисолайи хилфат суфихо» кітабының 11-бетінде: «Бекет ата – пайғамбарымыздың сүннетін көзінің қарашығындай сақтаушы және оны таратушы, мұсылман қауымының ішіндегі ең ұлысы, әзизі әрі қадірлісі. Алла тағалаға ең жақын және Алла тағаланың алдында ең құрметті, өз дәуірінің ұлы сопысы атанған адам» деп тамаша суреттелген. Бекет ата – тарихта сирек кездесетін феномен тұлға» деп дерек келтіреді.

Елдің Бекет ата басына зиярат етуге құмарлығы неліктен?

Бекет бабамыздың – Хорезм мен Түркімен жерінен 400 шақырым, Атырау мен Нөкістен – 500, Ақтау мен Актөбеден 300 шақырым жол жүріп, Орал, Қызылорда, Шымкенттен мыңдаған шақырым, тіпті шет елден сапар шегіп, тек қана «Желей гөр ата, жебей гөр, ата» деп жалбарынып қайту үшін соншама шығындануы, біраз ойлануды қажет ететін құбылыс. Ел ата басына барып, өздеріне рухани жұбаныш тауып, бір адами міндетін орындап қайтқандай болып қайтады. Біз де барып тұрамыз.

Бір жолы Бекет ата басына екі күн қонып қайттым. Бірінші күні біз түнеген үлкен бөлмеге 52 адам қонып шықса, келесі күні 34 адам жайғасыпты. Күндіз зиярат етіп, қонбай қайтып жатқандары қаншама?

Бір таңқаларлық құбылыс. Зиярат етуге келген қыз-келіншектер келе сала тамақ дайындау, тазалық жұмыстарына ешкім жұмсамай кірісіп кетеді. Жас жігіттер зияратшылар әкелген малдарды сойып, бұтарлап, қазанға салып жатады. Жар басындағы көп орындық мешіт маңын тазарту, су шашып тұру да – солардың міндеті. Ешкімді ешкім жұмсамайды. Әркім бір шаруа тауып алып орындағанға құмар. Осындай түсінік болмаса күніне бірнеше жүздеген адамдар келіп, кетіп, түнеп жататын орынды таза ұстау мүмкін болмас еді.

Сәті түскен бір күні Қойшығара Салғараұлы екеуміз де түнеп қайтып едік. Сол кеште ата мешітінде түнеп қалатындарға берілген кешкі асқа 100 кісіге табақ тартылды. Барлығына төсек-орын жеткілікті болды.

Елімізді рухани жаңғыртамыз деп ұран қабылдап жатқан кезде Бекет ата секілді тұлғаларды көбірек жастарға үлгі тұта, ерекше қасиеттерімен таныстыру, жастар рухына көп әсері болмақ. Біздер, маңғыстаулықтар, атамызға мемлекет астанасы Нұр-Сұлтан қаласынан көше атын берілуін зор қуанышпен қабылдадық. Бекет ата – қандай құрметке де лайық тұлға.

**Сайын НАЗАРБЕКҰЛЫ,**
**Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері**

## ДҮЙСЕНБІ
## 14 МАУСЫМ

**QAZAQSTAN**

5:45 Әнұран
5:50 ФУТБОЛ. АМЕРИКА КУБОГІ -2021. ПАРАГВАЙ – БОЛИВИЯ. ТІКЕЛЕЙ ЭФИР.
8:00 «TAŃSHOLPAN».
10:00 «Асау толқын». Телехикая.
11:00 «Ән мен әнші»
12:00 «Қызық екен...»
13:00 AQPARAT
13:10 Дисней ұсынады: «СҮЙКІМДІ СОФИЯ». Мультхикая.
14:00 «ТЕЛЕДӘРІГЕР». Тікелей эфир.
15:00 «Apta». Сараптамалық бағдарлама.
16:00 «Ауылдастар».
16:35 «Ұлттық кеңес: диалог және реформалар алаңы». Арнайы жоба
17:00 AQPARAT
17:20 «Көңіл толқыны»
18:00 «АСАУ ТОЛҚЫН». Телехикая.
20:00 AQPARAT
20:35 «ASHYQ ALAŃ».
21:30 «ЗАМАНДАСТАР». Телехикая
22:30 «ЖАТ МЕКЕН». Телехикая.
23:50 «САНА». Ток-шоу
0:35 UEFA EURO 2020. «ДОП ДОДА». ТІКЕЛЕЙ ЭФИР.
0:50 ФУТБОЛ. UEFA EURO 2020. ИСПАНИЯ - ШВЕЦИЯ. ТІКЕЛЕЙ ЭФИР.
3:00 AQPARAT

**ХАБАР**

6:00 "Бауыржан шоу"
7:00 Тұсаукесер! Тікелей эфирде "Таңғы хабар"
10:00 "Әсем әуен".
11:15 Телехикая. "Шашу"
13:15 Телехикая. "Көкжал"
15:00 "Бүгін". Тікелей эфир
16:00 Тұсаукесер! "Асыл қазына"
17:00 Телесериал. "Отчаянные"
18:00 Мегахит. "Телепорт"
20:00 Қорытынды жаңалықтар
20:30 "Баспанаға бағыт".
21:00 Итоги дня
21:30 Тұсаукесер! "Қолда я жолда"
23:30 Телехикая. "Көкжал"
1:00 "Әсем әуен"

**ASTANA TV**

6:00 "Ән мен әзіл" концерттік бағдарламасы
6:30 "Күлдірген" әзіл-сықақ бағдарламасы
7:00 "Ұрланған тағдыр" түрік телехикаясы
8:00 М/ф "Маша и медведь"
10:00 "Тұмарым" үнді телехикаясы
11:30 "Қызым" түрік телехикаясы
12:30 "Қайсар ханша" корей телехикаясы
14:00 "Айтарым бар" ток-шоуы. Тікелей эфир
15:00 "Үздік әзілдер"
15:30 "Сүлеймен Сұлтан" түрік телехикаясы
17:00 "Аладдин" телехикаясы
18:00 "Мәриям" түрік телехикаясы
20:00 ASTANA TIMES
21:00 "Қызым" түрік телехикаясы. Соңғы бөлім
22:00 "Тұмарым" үнді телехикаясы
23:10 "Қайсар ханша" корей телехикаясы
0:30 "Қош келдіңіз"
1:20 ASTANA TIMES
2:10 "Біреудің есебінен" деректі драма
2:55 "KazNet" ғаламторға шолу
3:15 "Үздік әзілдер"
3:50 "Интерны" т/сериал
4:35 "Біздің ауыл"
5:05 "Отбасы"
5:30 "Бірегей"

**1 КАНАЛ ЕВРАЗИЯ**

6:00 «ТРАКТОРШЫНЫҢ МАХАББАТЫ» телехикаясы
6:40 «ТОЙ ЗАКАЗ» бағдарламасы
7:10 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы
8:00 Телеканал «ДОБРОЕ УТРО» (каз/рус)
11:00 «ПОДАРИ ДЕТЯМ ЖИЗНЬ». Документальный фильм
12:55 «ПУСТЬ ГОВОРЯТ»
14:15 «112». Тікелей эфир
14:30 «QOSLIKE» бағдарламасы. Тікелей эфир
18:30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
19:00 «НИЧТО НЕ СЛУЧАЕТСЯ ДВАЖДЫ 2». Многосерийный фильм
20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20:30 Многосерийный фильм «РЕАЛИЗАЦИЯ»
0:40 Ночной кинотеатр. «МЕДСЕСТРА»
1:40 «П@УТИНА» бағдарламасы
2:30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
3:00 «ТРАКТОРШЫНЫҢ МАХАББАТЫ» телехикаясы
3:45 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы

**КТК**

07.05 "УЛЫ ТАМШЫЛАР", телехикая.
08.30 "ЯСМИННІҢ ТАҒДЫРЫ", телехикая.
09.10 "СЕН МЫҚТЫСЫҢ, ТЕК АЛҒА", телехикая.
10.00 "КАК ВЫЙТИ ЗАМУЖ", мелодрама
13.50 "ТРИ ЖЕЛАНИЯ", мелодрама
15.50 "АКВАРЕЛИ", мелодрама
18.00 "СЕН МЕНІҢ ТЕҢІМ ЕМЕССІҢ". Өзбек телехикаясы.
19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
20.00 "АСТАРЛЫ АҚИҚАТ", ток-шоу
21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ
21.40 "СИЛЬНАЯ СЛАБАЯ ЖЕНЩИНА", мелодрама.
00.00 "ПЁС-4", остросюжетный детектив.
01.50 "АКВАРЕЛИ", мелодрама (повтор)
02.40 "АСТАРЛЫ АҚИҚАТ", ток-шоу (қайталау)
03.25 "ӘЙЕЛ ҚЫРЫҚ ШЫРАҚТЫ"
04.10-04.40 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)

**31**

06:00 Ризамын (каз)
06:40 «Неге?» (каз) (повтор)
08:20 «Армагеддон» (каз)
09:20 «Иффет» (каз)
11:00 Индийский сериал «Ананди» (каз)
12:30 Корейский сериал «Пиноккио» (каз)
14:10 КИНО. Пол Уокер в приключенческой драме «Белый плен» (повтор)
16:30 «Такси»
17:00 «What's Up?» (каз)
17:30 КИНО. Крис О'Доннел в приключенческом триллере «Вертикальный предел» (повтор)
20:00 Информбюро (каз/рус)
21:00 Корейский сериал «Пиноккио»
22:20 КИНО «Достопочтенный джентельмен»
00:50 Индийский сериал «Ананди» (повтор) (каз)
01:50 «Кел татуласайық» (каз)
03:30 1001 анекдот (каз)
05:00 Әзіл студио (каз)

**7**

06.00 Т/п «Қуырдақ»
06.30 Т/х «Зың-зың Күлпәш»
09.00 Х/с «Женщина в зеркале»
13.00 Т/х «Бастық боламын»
14.00 Скетчком «Q-елі»
15.00 Т/х «Мезгілсіз сезім»Премьера!
16.00 Т/с «Мама-детектив»
17.00 Т/с «Домик на счастье»
18.00 Т/с «Осколки»
19.00 Т/с «Никонов и Ко»
21.00 Т/х «Әкесінің баласы»
22.00 Т/х «Арам ақша. Адал махаббат»
00.00 Т/с «Осколки»
01.10 Т/с «Анна-детектив»
02.15 Скетчком «Q-елі»
03.00 Т/х «Мезгілсіз сезім»
04.00 Т/х «Бастық боламын»
05.00 Т/п «Қуырдақ»

**НТК**

07.00 «Разминка» (каз/рус)
07.15 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу»
07.45 «РЕВЮ» (каз.)
08.10 Телехикая «Бақытсыздар бағы» (каз.)
09.25 «Том мен Джерри»
09.50 «МОЙ ШУМНЫЙ ДОМ» (мультсериал)
10.15 «БОСС-МОЛОКОСОС: СНОВА В ДЕЛЕ» (мультсериал)
11.00 «МАША И МЕДВЕДЬ» (мультсериал)
11.15 «ЯРОСТЬ» (военная драма, Брэд Питт, Шайа ЛаБаф, Логан Лерман)
14.30 «БІР БОЛАЙЫҚ» (каз. прямой эфир)
18.30 «РЕВЮ» (каз.)
19.00 Телехикая «Ауылдастар» (каз.)
19.30 «ОДНАЖДЫ В РОССИИ»
20.00 «ТРЕНЕР» (спортивная драма, Кевин Костнер, Рамиро Родригес)
22.30 «ПОД СОЛНЦЕМ ТОСКАНЫ» (мелодрама, Дайан Лэйн)
00.20 Телехикая «Бақытсыздар бағы» (каз.)
01.20 «БІР БОЛАЙЫҚ» (каз. повтор)
04.30 - 05.00 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу» (каз.)

## СЕЙСЕНБІ
## 15 МАУСЫМ

**QAZAQSTAN**

4:45 Әнұран
4:50 ФУТБОЛ. АМЕРИКА КУБОГІ -2021. БРАЗИЛИЯ - ВЕНЕСУЭЛА. ТІКЕЛЕЙ ЭФИР.
7:00 «TAŃSHOLPAN».
10:00 «Асау толқын». Телехикая.
12:00 «Қызық екен...»
13:00 AQPARAT
13:10 «Замандастар». Телехикая.
14:00 «ТЕЛЕДӘРІГЕР». Тікелей эфир.
15:00 «Жүзден жүйрік». Интеллектуалды ойын-сауықтық жоба.
16:00 «Ауылдастар».
16:35 «ЖАН ЖЫЛУЫ»
17:00 AQPARAT
17:20 «Көңіл толқыны»
18:00 «АСАУ ТОЛҚЫН». Телехикая.
20:00 AQPARAT
20:35 «ASHYQ ALAŃ».
21:30 «ЗАМАНДАСТАР». Телехикая
22:30 «ЖАТ МЕКЕН». Телехикая.
23:50 «САНА». Ток-шоу
0:35 UEFA EURO 2020. «ДОП ДОДА». ТІКЕЛЕЙ ЭФИР.
0:50 ФУТБОЛ. UEFA EURO 2020. ФРАНЦИЯ - ГЕРМАНИЯ. ТІКЕЛЕЙ ЭФИР.
3:00 AQPARAT

**ХАБАР**

6:00 "Бауыржан шоу"
7:00 Тұсаукесер! Тікелей эфирде "Таңғы хабар"
10:00 "Әсем әуен"
10:15 Тұсаукесер! "Қолда я жолда"
12:15 Телехикая. "Шашу"
13:15 Телехикая. "Көкжал 2"
15:00 "Бүгін". Тікелей эфир
16:00 Тұсаукесер! "Асыл қазына"
17:00 Телесериал. "Отчаянные"
18:00 Мегахит. "Бойцовский клуб"
20:00 Қорытынды жаңалықтар
20:30 "Баспанаға бағыт". Прямой эфир.
20:50 "Как боролись с эпидемиями в Казахстане"
21:00 Итоги дня
21:30 Тұсаукесер! "Қолда я жолда"
23:30 Телехикая. "Көкжал 2"
1:00 "Әсем әуен"

**ASTANA TV**

6:00 "Ән мен әзіл" концерттік бағдарламасы
6:30 "Күлдірген" әзіл-сықақ бағдарламасы
7:00 "Ұрланған тағдыр" түрік телехикаясы
8:00 М/ф "Маша и медведь"
10:00 "Тұмарым" үнді телехикаясы
11:30 "Қызым" түрік телехикаясы. Соңғы бөлім
12:30 "Қайсар ханша" корей телехикаясы
14:00 "Айтарым бар" ток-шоуы. Тікелей эфир
15:00 "Үздік әзілдер"
15:30 "Сүлеймен Сұлтан" түрік телехикаясы
17:00 "Аладдин" телехикаясы
18:00 "Мәриям" түрік телехикаясы
20:00 ASTANA TIMES
20:55 Loto 5/36. Прямой эфир
21:00 Тұсаукесер! "Ұлым" түрік телехикаясы
22:00 "Тұмарым" үнді телехикаясы
23:10 "Қайсар ханша" корей телехикаясы
0:30 "Қош келдіңіз"
1:20 ASTANA TIMES
2:10 "Біреудің есебінен" деректі драма
2:55 "KazNet" ғаламторға шолу
3:15 "Үздік әзілдер"
3:50 "Интерны" т/сериал
4:35 "Біздің ауыл"
5:05 "Отбасы"
5:30 "Бірегей"

**1 КАНАЛ ЕВРАЗИЯ**

6:00 «ҒАШЫҚТАР» ТЕЛЕХИКАЯСЫ
6:40 «ТОЙ ЗАКАЗ» БАҒДАРЛАМАСЫ
7:10 «ТОЙ БАЗАР» БАҒДАРЛАМАСЫ
8:00 ТЕЛЕКАНАЛ «ДОБРОЕ УТРО»
11:00 «ЖИТЬ ЗДОРОВО!»
12:00 «НА САМОМ ДЕЛЕ»
13:00 «ПУСТЬ ГОВОРЯТ»
14:15 «112». ТІКЕЛЕЙ ЭФИР
14:30 «QOSLIKE» БАҒДАРЛАМАСЫ. ТІКЕЛЕЙ ЭФИР
18:30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
19:00 «НИЧТО НЕ СЛУЧАЕТСЯ ДВАЖДЫ 2». МНОГОСЕРИЙНЫЙ ФИЛЬМ
20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20:30 МНОГОСЕРИЙНЫЙ ФИЛЬМ «РЕАЛИЗАЦИЯ»
0:40 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. «МЕДСЕСТРА»
1:40 «П@УТИНА» БАҒДАРЛАМАСЫ
2:30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
3:00 «ҒАШЫҚТАР» ТЕЛЕХИКАЯСЫ
3:45 «ТОЙ БАЗАР» БАҒДАРЛАМАСЫ

**КТК**

07.05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)
07.30 "УЛЫ ТАМШЫЛАР", телехикая.
08.30 "ЯСМИННІҢ ТАҒДЫРЫ", телехикая.
09.10 "СЕН МЫҚТЫСЫҢ, ТЕК АЛҒА", телехикая.
10.00 НОВОСТИ (повтор вечернего выпуска)
10.40 "СЛЕДСТВИЕМ УСТАНОВЛЕНО"
11.10 "ПЁС-4", остросюжетный детектив
13.40 "СИЛЬНАЯ СЛАБАЯ ЖЕНЩИНА", мелодрама (повтор)
15.50 "АКВАРЕЛИ", мелодрама
18.00 "СЕН МЕНІҢ ТЕҢІМ ЕМЕССІҢ". Өзбек телехикаясы.
19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
20.00 "АСТАРЛЫ АҚИҚАТ", ток-шоу
21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ
21.40 "СИЛЬНАЯ СЛАБАЯ ЖЕНЩИНА", мелодрама.
00.00 "ПЁС-4", остросюжетный детектив.
01.50 "АКВАРЕЛИ", мелодрама (повтор)
02.40 "АСТАРЛЫ АҚИҚАТ", ток-шоу
03.25 "ӘЙЕЛ ҚЫРЫҚ ШЫРАҚТЫ"
04.10-04.40 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР

**31**

06:00 Ризамын (каз)
06:50 «Армагеддон» (каз)
07:40 Информбюро (повтор)
08:50 «Последние 24 часа»
09:50 «Иффет» (каз)
11:00 Индийский сериал «Ананди» (каз)
12:30 Корейский сериал «Пиноккио» (каз)
14:10 Сериал «Восьмидесятые»
16:30 «Такси»
17:00 «Последние 24 часа»
18:00 КИНО. Эдди Мёрфи в криминальной комедии «Достопочтенный джентельмен» (повтор)
20:00 Информбюро (каз/рус)
21:00 Корейский сериал «Пиноккио»
22:20 КИНО. Стив Мартин в комедийной мелодраме «Отец невесты»
00:40 Индийский сериал «Ананди» (повтор)(каз)
01:50 «Кел татуласайық» (каз)
03:30 1001 анекдот (каз)
05:00 Әзіл студио (каз)

**7**

06.00 Т/п «Қуырдақ»
07.00 Т/п «Айна-online»
07.40 Скетчком «Q-елі»
08.00 Т/х «Әкесінің баласы»
09.00 Т/с «Война семей»
09.40 Т/с «Домик на счастье»
10.50 Х/с «Никонов и Ко»
13.00 Т/х «Бастық боламын»
14.00 Скетчком «Q-елі»
15.00 Т/х «Мезгілсіз сезім»Премьера!
16.00 Т/с «Мама-детектив»
17.00 Т/с «Домик на счастье»
18.00 Т/с «Осколки»
19.00 Т/с «Никонов и Ко»
21.00 Т/х «Әкесінің баласы»
22.00 Т/х «Арам ақша. Адал махаббат»
00.00 Т/с «Осколки»
01.10 Т/с «Анна-детектив»
02.15 Скетчком «Q-елі»
03.00 Т/х «Мезгілсіз сезім»
04.00 Т/х «Бастық боламын»
05.00 Т/п «Қуырдақ»

**НТК**

07.00 «Разминка» (каз/рус)
07.15 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу»
07.45 «РЕВЮ» (каз.)
08.10 Телехикая «Бақытсыздар бағы» (каз.)
09.25 «Том мен Джерри» мультхикая
09.50 «МОЙ ШУМНЫЙ ДОМ» (мультсериал)
10.15 «БОСС-МОЛОКОСОС: СНОВА В ДЕЛЕ» (мультсериал)
10.40 «МАША И МЕДВЕДЬ» (мультсериал)
10.55 Сериал «ФИТНЕС»
11.30 «ТРЕНЕР» (спортивная драма, Кевин Костнер, Рамиро Родригес)
14.30 «БІР БОЛАЙЫҚ» (каз. прямой эфир)
18.30 «РЕВЮ» (каз.)
19.00 Телехикая «Ауылдастар» (каз.)
19.30 «ОДНАЖДЫ В РОССИИ»
20.00 «ХЭЛЛБОЙ 2: ЗОЛОТАЯ АРМИЯ»
22.20 «ПОД ПРИЦЕЛОМ» боевик
00.10 Телехикая «Бақытсыздар бағы» (каз.)
01.10 «БІР БОЛАЙЫҚ» (каз. повтор)
04.20 - 05.00 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу»

## СӘРСЕНБІ
## 16 МАУСЫМ

**QAZAQSTAN**

6:00 Әнұран
6:05 «Қазақ даласының құпиялары». Д/ф.
6:25 AQPARAT
7:00 «TAŃSHOLPAN».
10:00 «Асау толқын». Телехикая.
12:00 «Қызық екен...»
13:00 AQPARAT
13:10 «Замандастар». Телехикая.
14:00 «ТЕЛЕДӘРІГЕР». Тікелей эфир.
15:00 «Жарқын жүздесу». Ток-шоу.
16:00 «Ауылдастар»
16:30 «ТҰЛҒА»
17:00 AQPARAT
17:20 «Көңіл толқыны»
18:00 «АСАУ ТОЛҚЫН». Телехикая.
18:50 ФУТБОЛ. UEFA EURO 2020. ФИНЛЯНДИЯ - РЕСЕЙ. ТІКЕЛЕЙ ЭФИР.
21:00 AQPARAT
21:35 «ЗАМАНДАСТАР». Телехикая.
22:30 «ЖАТ МЕКЕН». Телехикая.
23:50 «САНА». Ток-шоу
0:35 UEFA EURO 2020. «ДОП ДОДА». ТІКЕЛЕЙ ЭФИР.
0:50 ФУТБОЛ. UEFA EURO 2020. ИТАЛИЯ - ШВЕЙЦАРИЯ. ТІКЕЛЕЙ ЭФИР.
3:00 AQPARAT

**ХАБАР**

6:00 "Бауыржан шоу"
7:00 Тұсаукесер! Тікелей эфирде "Таңғы хабар"
10:00 "Әсем әуен"
10:15 Тұсаукесер! "Қолда я жолда"
12:15 Телехикая. "Шашу"
13:15 Телехикая. "Көкжал 2"
15:00 "Бүгін". Тікелей эфир
16:00 Тұсаукесер! "Асыл қазына"
17:00 Телесериал. "Отчаянные"
18:00 Мегахит. "Останься"
20:00 Қорытынды жаңалықтар
20:30 "Индустрия"
21:00 Итоги дня
21:30 Тұсаукесер! "Қолда я жолда"
23:30 Телехикая. "Көкжал 2"
1:00 "Әсем әуен"

**ASTANA TV**

6:00 "Ән мен әзіл" концерттік бағдарламасы
6:30 "Күлдірген" әзіл-сықақ бағдарламасы
7:00 "Ұрланған тағдыр" түрік телехикаясы
8:00 М/ф "Маша и медведь"
10:00 "Тұмарым" үнді телехикаясы
11:30 Тұсаукесер! "Ұлым" түрік телехикаясы
12:30 "Қайсар ханша" корей телехикаясы
14:00 "Айтарым бар" ток-шоуы. Тікелей эфир
15:00 "Үздік әзілдер"
15:30 "Сүлеймен Сұлтан" түрік телехикаясы
17:00 "Аладдин" телехикаясы
18:00 "Мәриям" түрік телехикаясы
20:00 ASTANA TIMES
20:55 Loto 6/49. Прямой эфир
21:00 Тұсаукесер! "Ұлым" түрік телехикаясы
22:00 "Тұмарым" үнді телехикаясы
23:10 "Қайсар ханша" корей телехикаясы
0:30 "Қош келдіңіз"
1:20 ASTANA TIMES
2:10 "Біреудің есебінен" деректі драма
2:55 "KazNet" ғаламторға шолу
3:15 "Үздік әзілдер"
3:50 "Интерны" т/сериал
4:35 "Біздің ауыл"
5:05 "Отбасы"
5:30 "Бірегей"

**1 КАНАЛ ЕВРАЗИЯ**

6:00 «ҒАШЫҚТАР» телехикаясы
6:40 «ТОЙ ЗАКАЗ» бағдарламасы
7:10 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы
8:00 Телеканал «ДОБРОЕ УТРО» (каз/рус)
11:00 «ЖИТЬ ЗДОРОВО!»
12:00 «НА САМОМ ДЕЛЕ»
13:00 «ПУСТЬ ГОВОРЯТ»
14:15 «112». Тікелей эфир
14:30 «QOSLIKE» бағдарламасы. Тікелей эфир
18:30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
19:00 «НИЧТО НЕ СЛУЧАЕТСЯ ДВАЖДЫ 2». Многосерийный фильм
20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20:30 Многосерийный фильм «МЕНТОВСКИЕ ВОЙНЫ». СЕДЬМОЙ СЕЗОН
0:30 Ночной кинотеатр. «МЕДСЕСТРА»
1:30 «П@УТИНА» бағдарламасы
2:20 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
2:50 «ҒАШЫҚТАР» телехикаясы
3:35 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы

**КТК**

07.05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)
07.30 "УЛЫ ТАМШЫЛАР", телехикая.
08.30 "ЯСМИННІҢ ТАҒДЫРЫ", телехикая.
09.10 "СЕН МЫҚТЫСЫҢ, ТЕК АЛҒА", телехикая.
10.00 НОВОСТИ (повтор вечернего выпуска)
10.40 "СЛЕДСТВИЕМ УСТАНОВЛЕНО"
11.10 "ПЁС-4", остросюжетный детектив
13.40 "СИЛЬНАЯ СЛАБАЯ ЖЕНЩИНА", мелодрама (повтор)
15.50 "АКВАРЕЛИ", мелодрама
18.00 "СЕН МЕНІҢ ТЕҢІМ ЕМЕССІҢ". Өзбек телехикаясы.
19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
20.00 "АСТАРЛЫ АҚИҚАТ", ток-шоу
21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ
21.40 "СИЛЬНАЯ СЛАБАЯ ЖЕНЩИНА", мелодрама.
00.00 "ГОД СОБАКИ", мелодрама
01.30 "АКВАРЕЛИ", мелодрама (повтор)
02.25 "АСТАРЛЫ АҚИҚАТ", ток-шоу
03.10 "ӘЙЕЛ ҚЫРЫҚ ШЫРАҚТЫ"
03.50-04.20 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)

**31**

06:00 Ризамын (каз)
06:50 «Армагеддон» (каз)
07:40 Информбюро (повтор)
08:50 «Последние 24 часа» (повтор)
09:50 «Иффет» (каз)
11:00 Индийский сериал «Ананди» (каз)
12:30 Корейский сериал «Пиноккио» (каз)
14:10 Сериал «Восьмидесятые»
16:30 «Такси»
17:00 «Последние 24 часа»
18:00 КИНО. Стив Мартин в комедийной мелодраме «Отец невесты» (повтор)
20:00 Информбюро (каз/рус)
21:00 Корейский сериал «Пиноккио»
22:20 Премьера! КИНО. Стив Мартин в комедийной мелодраме «Отец невесты 2»
00:40 Индийский сериал «Ананди» (повтор)
01:50 «Кел татуласайық» (каз)
03:30 1001 анекдот (каз)
05:00 Әзіл студио (каз)

**7**

06.00 Т/п «Қуырдақ»
07.00 Т/п «Айна-online»
07.40 Скетчком «Q-елі»
08.00 Т/х «Әкесінің баласы»
09.00 Т/с «Война семей»
09.40 Т/с «Домик на счастье»
10.50 Х/с «Никонов и Ко»
13.00 Т/х «Бастық боламын»
14.00 Скетчком «Q-елі»
15.00 Т/х «Мезгілсіз сезім»Премьера!
16.00 Т/с «Мама-детектив»
17.00 Т/с «Домик на счастье»
18.00 Т/с «Осколки»
19.00 Т/с «Никонов и Ко»
21.00 Т/х «Әкесінің баласы»
22.00 Т/х «Арам ақша. Адал махаббат»
00.00 Т/с «Осколки»
01.10 Т/с «Анна-детектив»
02.15 Скетчком «Q-елі»
03.00 Т/х «Мезгілсіз сезім»
04.00 Т/х «Бастық боламын»
05.00 Т/п «Қуырдақ»

**НТК**

07.00 «Разминка» (каз/рус)
07.15 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу»
07.45 «РЕВЮ» (каз.)
08.10 Телехикая «Бақытсыздар бағы»
09.25 «Том мен Джерри» (мультхикая, каз.)
09.50 «МОЙ ШУМНЫЙ ДОМ» (мультсериал)
10.15 «БОСС-МОЛОКОСОС: СНОВА В ДЕЛЕ» (мультсериал)
10.40 Сериал «ФИТНЕС»
11.50 «ХЭЛЛБОЙ 2: ЗОЛОТАЯ АРМИЯ» (фантастический боевик, Рон Перлман, Сэльма Блэр)
14.30 «БІР БОЛАЙЫҚ» (каз. прямой эфир)
18.30 «РЕВЮ» (каз.)
19.00 Телехикая «Ауылдастар» (каз.)
19.30 «ОДНАЖДЫ В РОССИИ»
20.00 «ГОСТЬ НА СВАДЬБЕ» (криминальный триллер, Дев Патель)
22.00 «НЕЗВАНЫЕ ГОСТИ» (мистический триллер, Клайв Оуэн, Даниэль Брюль)
00.00 Телехикая «Бақытсыздар бағы»
01.10 «БІР БОЛАЙЫҚ» (каз. повтор)
04.20 - 05.00 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу» (каз.)

## БЕЙСЕНБІ
## 17 МАУСЫМ

**QAZAQSTAN**

6:00 Әнұран
6:05 «Қазақ даласының құпиялары». Д/ф.
6:25 AQPARAT
7:00 «TAŃSHOLPAN».
10:00 «Асау толқын». Телехикая.
11:00 Дисней ұсынады: «СҮЙКІМДІ СОФИЯ». Мультхикая.
12:00 «Қызық екен...»
13:00 AQPARAT
13:10 «Замандастар». Телехикая.
14:00 «ТЕЛЕДӘРІГЕР». Тікелей эфир.
15:00 «Қымбат жандар»
16:00 «Ауылдастар».
16:35 «MENIŃ QAZAQSTANYM».
17:00 AQPARAT
17:20 «Көңіл толқыны»
18:00 «АСАУ ТОЛҚЫН». Телехикая.
20:00 AQPARAT
20:35 «ASHYQ ALAŃ».
21:30 UEFA EURO 2020. «ДОП ДОДА». ТІКЕЛЕЙ ЭФИР.
21:50 ФУТБОЛ. UEFA EURO 2020. ДАНИЯ - БЕЛЬГИЯ. ТІКЕЛЕЙ ЭФИР.
0:00 «ЖАТ МЕКЕН». Телехикая.
1:10 AQPARAT
1:45 «Ashyq alań». Қоғамдық-саяси ток-шоу.
2:35 «Теледәрігер». Тікелей эфир.

**ХАБАР**

6:00 "Бауыржан шоу"
7:00 Тұсаукесер! Тікелей эфирде "Таңғы хабар"
10:00 "Әсем әуен"
10:15 Тұсаукесер! "Қолда я жолда"
12:15 Телехикая. "Шашу"
13:15 Телехикая. "Көкжал 2"
15:00 "Бүгін". Тікелей эфир
16:00 Тұсаукесер! "Асыл қазына"
17:00 Телесериал. "Отчаянные"
18:00 Мегахит. "Нечто"
20:00 Қорытынды жаңалықтар
20:30 "Біздің назарда"
20:50 "Індетпен күрескен Қазақстан"
21:00 Итоги дня
21:30 Тұсаукесер! "Қолда я жолда"
23:30 Телехикая. "Көкжал 2"
1:00 "Әсем әуен"

**ASTANA TV**

6:00 "Ән мен әзіл" концерттік бағдарламасы
6:30 "Күлдірген" әзіл-сықақ бағдарламасы
7:00 "Ұрланған тағдыр" түрік телехикаясы
8:00 М/ф "Маша и медведь"
10:00 "Тұмарым" үнді телехикаясы
11:30 Тұсаукесер! "Ұлым" түрік телехикаясы
12:30 "Қайсар ханша" корей телехикаясы
14:00 "Айтарым бар" ток-шоуы. Тікелей эфир
15:00 "Үздік әзілдер"
15:30 "Сүлеймен Сұлтан" түрік телехикаясы
17:00 "Аладдин" телехикаясы
18:00 "Мәриям" түрік телехикаясы
20:00 ASTANA TIMES
21:00 Тұсаукесер! "Ұлым" түрік телехикаясы
22:00 "Тұмарым" үнді телехикаясы
23:10 "Қайсар ханша" корей телехикаясы
0:30 "Қош келдіңіз"
1:20 ASTANA TIMES
2:10 "Біреудің есебінен" деректі драма
2:55 "KazNet" ғаламторға шолу
3:15 "Үздік әзілдер"
3:50 "Интерны" т/сериал
4:35 "Біздің ауыл"
5:05 "Отбасы"
5:30 "Бірегей"

**ШАҺАР ШЕЖІРЕСІ**

# «ИШИМНЕН» «ЕСІЛГЕ» ДЕЙІН




**Нұр-Сұлтан қаласының оң жағалауында, қалалық әкімдіктің қарсы бетінде орталық қалалық алаңда жайғасқан «Отель Grand Park Esil» қазір («Ramada») қонақ үйінің ғимараты 1958 жылдары салынған.**

Бастапқыда «Ишим» қонақ үйі аталып, қаланың орталық бөлігінде орналасуы себепті осы өңірге ат басын тірегендердің аялдайтын жері осы қонақ үй болатын. Солардың ішінде өткен ғасырдың орта шенінде Тың өлкесін игеруге қатысты сапарлап келген атақты саяси қайраткер, КСРО басшысы Н.С.Хрущев тоқтайтын басты орынға айналды. 2003 жылы ғимаратқа қайта құру жұмыстары жүргізілді және «Гранд парк Есиль» болып атауы өзгертілді. Ғимарат биіктігі – 18 метр.

Бүгінде Отель «Grand Park Esil» – төрт қабатты заманауи талаптарға сай апартаменттері мен Wi-Fi және көпканалды теледидарларымен қамтылған, демалысты тиімді ұйымдастырған төрт жұлдызды қонақжай. Ғимаратқа жақын орналасқан банктер мен бизнес сауда орталықтары, демалыс орындары мен Есіл өзенінің жағажайы қала қонақтары үшін өте тартымды.



№68 (4192) 12/06/2021 Сенбі

6:00 «ҒАШЫҚТАР» телехикаясы
6:40 «ТОЙ ЗАКАЗ» бағдарламасы
7:10 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы
8:00 Телеканал «ДОБРОЕ УТРО» (каз/рус)
11:00 «ЖИТЬ ЗДОРОВО!»
12:00 «НА САМОМ ДЕЛЕ»
13:00 «ПУСТЬ ГОВОРЯТ»
14:15 «112». Тікелей эфир
14:30 «QOSLIKE» бағдарламасы. Тікелей эфир
18:30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
19:00 «НИЧТО НЕ СЛУЧАЕТСЯ ДВАЖДЫ 2». Многосерийный фильм
20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20:30 Многосерийный фильм «МЕНТОВСКИЕ ВОЙНЫ». СЕДЬМОЙ СЕЗОН
0:30 Ночной кинотеатр. «МЕДСЕСТРА»
1:30 «П@УТИНА» бағдарламасы
2:20 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
2:50 «ҒАШЫҚТАР» телехикаясы
3:35 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы

**КТК**

07.05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)
07.30 "УЛЫ ТАМШЫЛАР", телехикая.
08.40 "ЯСМИННІҢ ТАҒДЫРЫ", телехикая.
09.20 "СЕН МЫҚТЫСЫҢ, ТЕК АЛҒА", телехикая.
10.10 НОВОСТИ (повтор вечернего выпуска)
10.50 "СЛЕДСТВИЕМ УСТАНОВЛЕНО"
11.30 "ГОД СОБАКИ", мелодрама (повтор)
13.30 "СИЛЬНАЯ СЛАБАЯ ЖЕНЩИНА", мелодрама (повтор)
15.50 "АКВАРЕЛИ", мелодрама
18.00 "СЕН МЕНІҢ ТЕҢІМ ЕМЕССІҢ". Өзбек телехикаясы.
19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
20.00 "АСТАРЛЫ АҚИҚАТ", ток-шоу
21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ
21.40 "СИЛЬНАЯ СЛАБАЯ ЖЕНЩИНА", мелодрама.
00.00 "ГОД СОБАКИ", мелодрама (1-4 серия).
01.30 "АКВАРЕЛИ", мелодрама (повтор)
02.25 "АСТАРЛЫ АҚИҚАТ", ток-шоу (қайталау)
03.10 "ӘЙЕЛ ҚЫРЫҚ ШЫРАҚТЫ"
03.50-04.20 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)

**31**

06:00 Ризамын (каз)
07:00 «Армагеддон» (каз)
07:40 Информбюро (повтор)
08:50 «Последние 24 часа» (повтор)
09:50 «Иффет» (каз)
11:00 Индийский сериал «Ананди» (каз)
12:30 Корейский сериал «Пиноккио» (каз)
14:10 Сериал «Восьмидесятые»
16:30 «Такси»
17:00 «Последние 24 часа»
18:00 КИНО. Мартин в комедийной мелодраме «Отец невесты 2»
20:00 Информбюро (каз/рус)
21:00 Корейский сериал «Пиноккио»
22:20 КИНО. Энн Хэтэуэй в фантастической комедии «Моя девушка-монстр»
00:20 Индийский сериал «Ананди» (повтор) (каз)
01:30 «Кел татуласайық» (каз)
03:30 1001 анекдот (каз)
05:00 Әзіл студио (каз)

**7**

06.00 Т/п «Қуырдақ»
07.00 Т/п «Айна-online»
07.40 Скетчком «Q-елі»
08.00 Т/х «Әкесінің баласы»
09.00 Т/с «Война семей»
09.40 Т/с «Домик на счастье»
10.50 Х/с «Никонов и Ко»
13.00 Т/х «Бастық боламын»
14.00 Скетчком «Q-елі»
15.00 Т/х «Мезгілсіз сезім»Премьера!
16.00 Т/с «Мама-детектив»
17.00 Т/с «Домик на счастье»
18.00 Т/с «Осколки»
19.00 Т/с «Никонов и Ко»
21.00 Т/х «Әкесінің баласы»
22.00 Т/х «Арам ақша. Адал махаббат»
00.00 Т/с «Осколки»
01.10 Т/с «Анна-детектив»
02.15 Скетчком «Q-елі»
03.00 Т/х «Мезгілсіз сезім»
04.00 Т/х «Бастық боламын»
05.00 Т/п «Қуырдақ»

**НТК**

07.00 «Разминка» (каз/рус)
07.15 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу»
07.45 «РЕВЮ» (каз.)
08.10 Телехикая «Бақытсыздар бағы» (каз.)
09.25 «Том мен Джерри» мультхикая
09.50 «МОЙ ШУМНЫЙ ДОМ» (мультсериал)
10.15 «БОСС-МОЛОКОСОС: СНОВА В ДЕЛЕ» (мультсериал)
10.40 Сериал «ФИТНЕС»
12.20 «ПРИВИДЕНИЕ» (фэнтэзи-мелодрама, Джастис Смит, Дженни Росс)
14.30 «БІР БОЛАЙЫҚ» (каз. прямой эфир)
18.30 «РЕВЮ» (каз.)
19.00 Телехикая «Ауылдастар» (каз.закл. серия)
19.30 «ОДНАЖДЫ В РОССИИ»
20.00 «ПОИСК» (детективный триллер, Джон Чо, Дебра Мессинг)
22.00 «ХОЛМС И ВАТСОН» (приключенческая комедия, Уилл Феррелл, Ребекка Холл)
00.00 Телехикая «Бақытсыздар бағы» (каз.)
01.00 «БІР БОЛАЙЫҚ» (каз. повтор)
04.10 - 05.00 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу» (каз.)

## ЖҰМА
## 18 МАУСЫМ

**QAZAQSTAN**

5:45 Әнұран
5:50 ФУТБОЛ. АМЕРИКА КУБОГІ -2021. АРГЕНТИНА - УРУГВАЙ. ТІКЕЛЕЙ ЭФИР.
8:00 «TAŃSHOLPAN».
10:00 «Асау толқын». Телехикая.
12:00 «Қызық екен...»
13:00 AQPARAT
13:10 Дисней ұсынады: «СҮЙКІМДІ СОФИЯ». Мультхикая.
14:00 «ТЕЛЕДӘРІГЕР». Тікелей эфир. Медицина қызметкерлері күніне арналған мерекелік шығарылым
15:00 «ӘЛЕМ АЙНАСЫ». Тікелей эфир
15:20 «ЗАҢ ЖӘНЕ БІЗ» Айман Омаровамен.
15:50 «Ауылдастар»
16:25 «Егіз лебіз»
17:00 AQPARAT
17:20 «Егіз лебіз»
18:00 «АСАУ ТОЛҚЫН». Телехикая.
20:00 AQPARAT
20:35 «ASHYQ ALAŃ».
21:30 UEFA EURO 2020. «ДОП ДОДА». ТІКЕЛЕЙ ЭФИР.
21:50 ФУТБОЛ. UEFA EURO 2020. ХОРВАТИЯ - ЧЕХИЯ. ТІКЕЛЕЙ ЭФИР.
0:00 «ЖАТ МЕКЕН». Телехикая.
0:50 ФУТБОЛ. UEFA EURO 2020. АНГЛИЯ - ШОТЛАНДИЯ. ТІКЕЛЕЙ ЭФИР.
3:00 AQPARAT

6:00 "Бауыржан шоу"
7:00 Тұсаукесер! Тікелей эфирде "Таңғы хабар"
10:00 "Әсем әуен". Патриоттық әндер топтамасы
10:15 Тұсаукесер! "Қолда я жолда"
12:15 Телехикая. "Шашу"
13:15 Телехикая. "Көкжал 2"
15:00 "Бүгін". Тікелей эфир
16:00 Тұсаукесер! "Асыл қазына"
17:00 "Dimash Show. Расцвет"
18:00 Мегахит. "Не говори ни слова"
20:00 Қорытынды жаңалықтар
20:30 "Народный контроль"
21:00 Итоги дня
21:30 Тұсаукесер! "Қолда я жолда"
23:30 Телехикая. "Көкжал 2"
1:00 "Әсем әуен"

**ASTANA TV**

6:00 "Ән мен әзіл" концерттік бағдарламасы
6:30 "Күлдірген" әзіл-сықақ бағдарламасы
7:00 "Үздік әзілдер"
7:30 Союзмультфильм
8:00 М/ф "Маша и медведь"
10:00 "Тұмарым" үнді телехикаясы
11:30 "Ұлым" түрік телехикаясы
12:30 "Қайсар ханша" корей телехикаясы
14:00 "30 лет Независимости" Тележурнал
14:05 "Өмір – дастан" бағдарламасы
14:30 "Үздік әзілдер"
15:30 "Сүлеймен Сұлтан" түрік телехикаясы
17:00 "Аладдин" телехикаясы
18:00 "Мәриям" түрік телехикаясы
20:00 ASTANA TIMES
20:55 Loto 5/36. Прямой эфир
21:00 "Ұлым" түрік телехикаясы
22:00 "Тұмарым" үнді телехикаясы
23:10 "Қайсар ханша" корей телехикаясы
0:30 "Қош келдіңіз"
1:20 ASTANA TIMES
2:10 "Біреудің есебінен" деректі драма
2:55 "KazNet" ғаламторға шолу
3:15 "Үздік әзілдер"
